



ЖЕТІСУ

шығымсыз

№ 5 (8893)
жұма 4 ақпан
2022 ЖЫЛ

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

Мемлекет басшысы:

◆ TIN

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:



АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛМАЙДЫ

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ
ТОҚАЕВТЫҢ «ХАБАР»
ТЕЛЕАРНАСЫНА
БЕРГЕН СҰХБАТЫ

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, уақыт бөліп, қазақстандық БАҚ өкілі ретінде маған сұхбат беруге келіскеніңіз үшін Сізге көп рахмет. Өйткені мен Ақордаға сирек келетін, арнайы пулдың құрамына кірмейтін журналистпін. Соған қарамастан, осындай мүмкіндікке ие болып отырмын. Бұл үшін алғысым шексіз...

– Шын мәнінде, кейінгі кезде сұхбат алу жөнінде маған отандық және шетелдік телекомпаниялардан көп өтініштер түсіп жатыр. Олардың бәрінен бас тарттым. Тек «Хабар» телеарнасына, соның ішінде президенттік пулға кірмесеңіз де, Сізге ғана мүмкіндік беріп отырмын. Кәсіби мамансыз. Бүгін өте тұщымды әңгіме болады деп сенемін.

→ 2-бет

ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІС ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАЖЕТ



ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ҰМЫРАСЫЗ КҮРЕСУ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТАҒЫ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТЫҢ БІРІ ЕКЕНІН АТАП ӨТТІ. ОНЫҢ ПІКІРІНШЕ, ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН ОРНАТЫП, НАҒЫЗ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ ҮШІН, ЕҢ АЛДЫМЕН, ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ТАМЫРЫНА БАЛТА ШАБУ КЕРЕК.

Президент соңғы жылдары бірқатар маңызды қадам жасалғанына назар аударды. Соттардың сапалы қызмет атқаруы үшін нақты шаралар қабылданды. Кейінгі үш жылда 174 судья жұмыстан шығарылды, я болмаса лауазымы төмендетілді. Жаңадан құрылған әкімшілік соттарға жарты жылдың ішінде 14 мың талап-арыз түскен. Соның тең жартысында сотқа арызданушылар жеңіп шыққан. Қылмыстық процестің үш буынды үлгісі енгізілді. Соның нәтижесінде прокурорлар былтыр үш жарым мыңға жуық адамның қылмыстық процеске негізсіз тартылуына жол берген жоқ. Басқа да бірқатар институционалдық шаралар жүзеге асырылды.

– Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Былтыр-

дан бері жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің тапсырмасы бойынша әзірленген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жобасын бекітетінін мәлімдеді. Бірақ жұмыстың тиімділігі нақты нәтиже бойынша бағаланады. Түпкі мақсат – сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыру. Ел президенті ақпараттық жүйелер мен деректер базасының жұмысына қатысты мәселелерге арнайы тоқталды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне мемлекеттік құрылымдар әзірлеген барлық ақпараттық жүйеге тексеру жүргізу тапсырылды. Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық бағытын түбегейлі қайта қарауға шақырды, сондай-ақ уәкілетті органдардың алдына бірқатар міндет қойды. Оның пікірінше, кәсіпкерлер мен жұртшылықтың сыбайлас жемқорлық деректері бойынша берген өтініштері негізінде жүйелі жұмыс жүргізу қажет.

Үкіметке сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қаржы мониторингі органдарымен бірлесіп, мемлекет пен квазимемлекеттік сектордың сатып алуларын реттеу тәсілдерін, соның ішінде осы саладағы мемлекеттік бақылау жүйесін түбегейлі өзгерту тапсырылды. Сонымен қатар Мемлекет басшысы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылауды күшейту қажет деп есептейді. Үкімет мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы заңды түбегейлі жаңарту мәселесін қарастыруға тиіс.

Президент халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізуді күшейтуге шақырды. Бүкіл қоғамды жемқорлықпен күресуге жұмылдыру қажет. «Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет» қағидатын баршаның санасына сіңіру бүкіл мемлекеттік органның ортақ жұмысы болуға тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, мемлекеттік аппаратта жобалық басқару қағидаттарын енгізуді жалғастыру маңызды. Барлық мемлекеттік орган жұмыстың жаңа форматына белсенді кірісіп, оларды іс жүзінде қолдануы керек. Сондай-ақ, президент жоғары лауазымды тұлғаларды тағайындаған кезде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қорытынды анықтамасын міндетті түрде талап ету қажеттігін айтты.

Жиын барысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов, Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсінов, Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашүкеев, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин сөз сөйледі.

◆ ÖRKEN

ИНВЕСТИТОРЛАР АУДАН ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАДЫ

Ескелді жұрты әу бастан жерге тер төгіп, сол жер-Ана төсін емген ел. Сондықтан болар ауданның тұрмысы да егін мен мал шаруашылығына негізделген. Қос өзеннің арасын жағалай қонған елдің несібесі де осы сала арқылы тасып отыр. Қазіргі уақыт талабы сұранысқа сай өнім өндіруге үндейді. Бұрынғыдай өз қажеттілігі үшін ғана емес, өзге сұраныстың қажеттілігі үшін өнім өндіру шаруалардың басты мақсаты. Сондай-ақ, өндірісі жоқ аудан үшін бұл ауадай қажет. Ауданның әлеуетін қайткенде арттырамын деп тынымсыз тірлік етіп жүрген аудан басшылығы жуырда келелі кездесу өткізді. Аудан әкімдігінде өткен кездесуге қос инвестор келіпті. Олар өлкенің климаттық-геологиялық орналасуы кәсіп етуге қолайлы болуына орай осында табан тіреген.



Жиын барысында аудан әкімі Рустам Али Сергей Манкелов пен Азамат Аманжолұлының ұсынысын тыңдады. Ауданда тынымды тірлік бастауға ниеттілер үш жобаны арқаулай келіпті.

– Ескелді ауданының табиғаты қолайлы, топырағы құнарлы. Біздің мақсат осындай қолайлы ортада ауылшаруашылығының үш өнімін өндіруді көздейміз. Қазір Қазақстанда ғана емес, әлемде фаст-фуд өнімдеріне сұраныс жоғары. Ал бұл жылдам әзірленетін өнімнің негізгі құрамы картоптан жасалады. Қуырылған картоп, қарабайыр тілмен айтқанда «фри» қазір аса сұранысқа ие. Сондықтан бірінші өнім ретінде картоп егуді

көздейміз. Одан кейінгі басымдықты томат өндірісіне беріп отырмыз. Қызанақ өнімі де тұрмысқа аса қажет. Кез келген тұрғын бұл өнімді пайдаланбай тұрмайды. Тамақ өндірісінде қажетті өнімдердің қатарынан табылатын бұл өнімді ексек, ұтылмаймыз. Қияр егу де еш омындырмайды. Біздің мақсат – биыл осы үш өнімді биыл 100 гектарға егу. Мұндай алқап табылса, келер жылы егін көлемін еселеп, 200 гектарға дән себу жоспарда бар, – деді Сергей Манкелов.

Инвесторлардың жоспарына сенсек, өнім өндіру үшін

жаңа технологияларды да игеру көзделген. Мәселен, соңғы екі жылда Жетісу өңірінде су тапшылығы айқын байқалды. Ал, ауданға табан тіреген меймандар тың технология қолдануға ниетті.

– Бұл үш өнім тек бастамасы. Өнім алуды ұлғайтып қана қоймаймыз, атаулы өнімдерді өндіруге қажетті кәсіби мамандар даярлап, өнімнің сапасына көз жеткізе бастаған соң, шаруаны да дөңгелете түсетініміз анық. Біз үшін қазір ең маңыздысы – алқап. Сондай-ақ, өнім сақтайтын орын мен жауапты дистрибьютер қажет. Өрине сәттілікке ғана жүгініп, жаңбырдың жауғанын күтіп, ағын судың мол болуын көктен тілеп отыра алмаймыз, тамшылатып суару іспетті жаңа технологияларды пайдаланамыз, – деді Азамат Аманжолұлы.

Қолайлы ұсынысты тыңдап, аудан әлеуетін арттыруға ниетті адамдарға алғаусыз алғысын жеткізген аудан басшысы егін егетін алқап табудың оңайға түспесін жеткізді. Себебі, ауданның негізгі тіршілігі – егін. Қазір бос алқап табу қиын. Аудан әкімі қалай болғанда да мұндай ауқымды жобаны жүзеге асыруға мұрындық болатынын жеткізді.

– Жоба тамаша. Ұсыныс та жақсы. Десек те дәл қазір бір алқаптан 100 гектар жер табу мүмкін емес. Ауданда бірнеше ауқымды шаруа қожалық бар, құнарлы жерде шаруашылығын жүргізіп тұрған. Өрине табуға болады, уақыт керек, шамамен бір жылдың көлемінде. Аталмыш жоба бойынша тиісті жұмыстарды атқаруды орынбасарым Болат Тулақбаевқа тапсырамын, – деді аудан әкімі.

Кездесу соңында қос тарап тиісті жұмыстарды бірлесе атқаруға уағдаласып, аудан әкімі Рустам Али оң ниетті меймандарға бағалы сый тарту етті.

Арай ӘЛІМЖАНОВА

Басы 1-бетте.

– Бүгін, шын мәнінде, тарихи сәт. Себебі бәрімізді әлі де алаңдатып отырған «Қасіретті қаңтар» оқиғасынан кейін алғаш рет отандық БАҚ өкіліне сұхбат бергелі отырсыз. «Енді не болады» деген қобалжу да бар. Мен сол оқиғалар кезінде өзімнің сүйікті қалам – Алматыда, демалыста едім. Яғни болған оқиғаның бәрін өз көзіммен көрдім десе де болады. Расында, терезенің арғы жағында жарылған граната ма әлде «Калашниковтың» кезекті оқ жаудыруы ма айыра алмадық. Бәріміз бұл сұмдықтың тезірек аяқталуын тіледік. Сол оқиғалардан кейін біраз уақыт өтсе де, көпшіліктің көкейінде көп сұрақ қалды. Әркім әртүрлі айтып, сан-саққа жүгіртеді. Бұл, шын мәнінде, бұзақылыққа ұласып, бақылаусыз кеткен бейбіт шеру ме әлде алдын ала жоспарланған мемлекеттік төңкеріс пе? Шын мәнінде не болды?

– Бұл – алдын ала жоспарланған қастандық әрекет. Наразылықтар бейбіт митингілерден басталып, соңы бұзақылыққа, тонаушылыққа ұласты. Осы оқиғалар – кәсіби адамдардың ойластырған және солардың жүзеге асырған жымысқы операциясы. Өуелі жұртшылық бейбіт митингке шықты. Демонстранттарға қарсы күш қолданылған жоқ, қолданылуы да мүмкін емес еді. Келесі лекпен олардың орнына жай ғана бұзақылық істеп, полиция қызметкерлеріне сес көрсетіп, тас лақтырып жүрген жастар келді. Артынша үшінші толқын жалғасты. Бұлар арнаулы дайындықтан өткен кәсіби лаңкестер басқарған тонаушылар, кісі өлтірушілер, зорлық жасаушылар еді. Содырлар күштік органдар ғимараттарының орналасқан жерін өте жақсы білген және сол нысандарға шабуыл жасалды. Лаңкестерді материалдық құндылықтар қызықтырған жоқ, оларға қылмыстық істер, құқық қорғау қызметкерлерінің жеке құжаттары керек болған. Яғни бұның өте мұқият ойластырылған, шетелдік содырлар жалданған террористік операция екені анық. Өзіңіз білесіз, олар Алматының әуежайына шабуыл жасады. Қазір тергеу амалдары барысында әуежайды Орталық Азиядағы қалалардың бірінен ұшып келген адамдарды күтіп алу үшін әдейі басып алғаны анықталып жатыр. Сырттан келгендер – арнайы дайындалған содырлар мен олардың командирлері.

Лаңкестер гастарбайтерлер ретінде ұшып келіп, шекаралық өткізу бекеттерінен кедегісіз өткен. Сөйтіп, қалаға кіріп жоспарлы операцияларды басқарған. Кейін құқық қорғау органдары күш алып, қайта соққы бергенде, тез арада сол Алматы әуежайы арқылы ұшып кеткен. Сондықтан тағы да қайталап айтамын, бұл – жоспарлы түрде жүргізілген операция. Олардың мақсаты – мемлекеттік институттарды жою, конституциялық құрылымға нұқсан келтіру, түптеп келгенде билікті басып алу. Дегенмен әлі де тергеу жүргізілуде. Бәрі де анықталды.

Енді «Бұған олар қалай қол жеткізді?» деген сұрақ қойғыңыз келіп отырған шығар. Қазір біз ауқымды тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Өкінішке қарай, дәл осындай жағдайда құқық қорғау органдарының нақты әрекет ету алгоритмі болмай шыққаны анықталды.

Мен Мемлекет басшысы ретінде командалық-штабтық, әскери бірнеше оқу-жаттығу жиынына қатыстым. Бұл жаттығулар шынайы жағдайлар, соның ішінде Алматыда болған оқиғалар кезінде ешқандай пайдаға аспады.

Біздің ұстанымымыз – демонстранттарға қарсы қару қолданбау. Полиция қызметкерлерінде атыс қаруы болған жоқ. Оларда тек дыбысты граната, көзден жас ағызатын газ және сумен атқылайтын техника ғана болды. Бірақ бұл машиналарды қолдана алмады. Себебі бұзақылар тартып алған. Ал содырлар бейбіт демонстранттарға қарсы қару қолданбау жөнінде полиция қызметкерлеріне бұйрық берілгенін білген. Қолдарында тек күрек пен сойыл ғана бар жас десанттар өте қатты зардап шекті. Бұзақылар оларды шешіндіріп, Президент резиденциясына шабуыл кезінде тірі қалған ретінде пайдаланған. Олар әйелдерді де аямаған, тіпті ешқандай аяушылық сезім болмаған.

Тергеу барысында лаңкестердің қарулы қақтығыс кезінде есірткі тұтынғаны анықталып жатыр. Қақтығыстардың соңына қарай күштік құрылымдар қару қолданып, содырлардың аяқтарынан атқан. Сол кезде олар жараланып құласа да, ауырсынуы да білмеген, тіпті сезбеген. Міне, бұл да олардың өте мұқият дайындалып келгенін көрсетеді.

Бұзақылардың көпшілігі Алматыдағы бес жүлдізды қонақ үйде жатқаны анықталды. Олардың ақшасын кім төледі? «Қазақстан» қонақ үйінің бірінші қабатында командалық штабтары орналасыпты. Қазір тергеу жүргізілуде. Бірнеше адам сұрақтарға жауап беріп жатыр. Бұрын, тіпті ойға келмеген деректер ашылуда.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫҢ



– Осы мемлекеттік төңкеріс жасау әрекетінің артында кім тұр деп ойлайсыз?

– Оны тергеу анықтайды. Алдын ала ештеңе айтқым келмейді және оным дұрыс болмайды. Әлі атқаратын жұмыс көп. Бір айта кетерлігі, содырлар мен олардың командирлерінің көпшілігі Алматыдан кетіп үлгерген. Бірі ауыл-аймаққа, енді бірі шекарадан өтіп көрші елдерге қашты. Тағы біреулері бет әлпетін өзгертіп бұғып қалды. Сақал-мұртын қырып, сыртқы келбетін өзгертіп ел ішінде жүргендері де бар. Оларды тұтқындаса, «біз жай өтіп бара жатқан едік» деп байбалам салып жатыр. Олай болмайды. Алматыдағы тәртіпсіздіктердің ауқымын өзіңіз көрдіңіз. Ал жеме-жемге келгенде бәрі де жай жүргінші боп шыға келеді. Әрине, азаматтарды заңсыз ұстау, оларға күш қолдану деректерінің бәрі тексеріледі. Бұл мәселелерге мұқият қарау керек.

– Әрине, мұның бәрін тексерген жөн. Бірақ қазір құқық қорғау органдарының іс-әрекеттеріне қатысты көп сын айтылып жатыр. Сіз оған назар аударып, Бас прокуратураға тапсырма бердіңіз. Дегенмен әлеуметтік желілерде бейбіт тұрғындарды ұрып-соғып, азаптайды деген жазбалар «желдің есіп» тұр.

– Ондай арыз-шағымдарда асыра сілтеп жібергендер де бар. Әрине, Алматыда болған оқиғаға байланысты алаңдаушылықтарды түсінуге болады. Сондықтан Бас прокуратураға әрбір жағдай бойынша мұқият тексеру жұмыстарын жүргізуді тапсырдым. Бұдан бөлек, белгілі құқық қорғаушы, адвокат Айман Омарова бастаған Қоғамдық комиссия құрылыпты. Оны бұқаралық ақпарат құралдарынан оқып білдім. Мен бұл шешімді қолдаймын. Шын мәнінде, қайғылы оқиғалар кезінде болған жағдайларды жан-жақты тексеру үшін қоғам белсенділерін тартуымыз керек.

Адам құқығы жөніндегі омбудсмен Эльвира Өзімова мен белгілі құқық қорғаушы Жеміс Тұрмағамбетованың уақытша ұстау изоляторларына барып, ұсталғандармен кездесіп, олардың жағдайларын көріп, арыз-шағымдарын тыңдап жүргенін білемін. Бұл өте пайдалы жұмыс деп санаймын. Мен Мемлекет басшысы ретінде азаматтардың құқықтарының бұзылмауына мүдделімін. Әрбір жағдай жіті тексерілуге тиіс екенін тағы да қайталап айтамын.

– Осы іске жұртшылықтың араласқаны жақсы болған екен. Құқық қорғау органдарына қандай да бір еркіндік берілді. Қалай ойлайсыз, олар асыра сілтеп жібермей ме?

– Біз бұл мәселеде «Сцилла мен Харибданың» арасынан өткендей болуымыз керек. Ең алдымен, бейбіт азаматтар мен Алматы тұрғындарына қарсы бұзақылық әрекеттерге қатысқан адамдарды табуымыз қажет. Екіншіден, азаматтардың құқықтары бұзылмауға тиіс. Бұл әрекеттерге мыңдаған бұзақы қатысты деп жаңа айттым. Енді аяқ астынан, бәрі «кездеісоқ жүргінші» болып шыға келді. Мен полицияның заңсыз әрекеттерін ақтап отырғанын жоқ. Егер ондай жағдайлар болса, біз міндетті түрде жолын кесеміз. Ішкі істер министрі тиісті ескертпесін алды. Сондықтан мүмкіндікті пайдалана отырып, азаматтарға, Алматы тұрғындарына құқықтарының бұзылмайтынын мәлімдеймін.

– Жиырма мың террорист болды деген дерекке қатысты сұрақ көп. Олар қайдан келген?

– Біріншіден, Алматыдағы бұзақылық әрекеттер бір сағат қана болған жоқ. Полиция департаментінің ғимараты үшін жүргізілген соғыс екі түнге созылды. Полицейлер содырлардың барлық шабуылына тойтарыс берді.

Екіншіден, лаңкестер полиция мен әскери қызметшілерді сан басымдығымен

алды. Бұл содырлардың өте көп болғанын білдіреді.

Үшіншіден, бандиттер Алматыға полиция блок-бекеттері қойылған жақтан, яғни үш бағыттан келіп, талқандап кетті. Полицейлер орын ауыстырып, қайтадан алаңға жиналған. Тағы да қарусыз еді. Мәселенің мәнісі – осында. Енді келіп, бұзақылар аз болды дейді. Шын мәнінде, бұзақылар легімен жүрді. Оларды басқарып жүрген біреулер болды. Бір легі барды да, тонады. Одан соң екіншісі келді.

– Сіз ескертусіз оқ атуға бұйрық бердіңіз. Бұл шешім АҚШ пен Еуропадағы демократиялық қоғамдастықтың алаңдаушылығын туғызды. Мұндай қатаң шешім қабылдауға не түрткі болды?

– Жоғарыда аталған жағдай бойынша құқық қорғау органдары басшыларының нақты алгоритмі, іс-қимыл жоспары болмағанын айттым. Істің мән-жайын бағамдай алмадық. Оны ашық мойындауға тиіспін. Құқық қорғау органдарының басшылары өздеріне жауапкершілікті алуға жүрексізді. Жігерсіздік танытты. Мен оларға: «Егер маршал Рокоссовский мен маршал Жуков Сталиннен әрбір іс-қимылдары туралы күнде келіп, рұқсат сұрай берсе, соғыста жеңер ме еді?» – дедім. Бұл – нағыз соғыс. Жауапкершілікті мойнына алу керек еді. Осыған орай ашық мәлімдеме жасағанға дейін қарулы содырларға қарсы оқ атуға тиіспіз деп айтқан болатыным. Мен жауапкершілікті өз мойныма алдым. Ал өз мәлімдемемде мұны қайталадым. Өйткені жауапты адамдар жүрексізді. Дәл осындай жағдайда Мемлекет басшысы жауапкершілікті өзіне алуға тиіс деп ойлаймын. Мен кәсіби дипломатпын. Мұның салдары қандай болатынын білдім. Бірақ мен үшін мемлекеттің мүддесі, азаматтарымыздың қауіпсіздігі бәрінен де маңызды еді. Мен ол кезде Батыстың не дейтіні туралы емес, елімізде тәртіп орнатуды ғана ойладым.

– Жағдайдың шиеленіскені соншалық, Сіз Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгерлік күштерін шақырдыңыз. ҰҚШҰ-ның бітімгерлік операциясы сәтті жүзеге асырылғаннан кейін «Владимир Путинге «қарыздар» болып қалды, енді бірқатар мәселе бойынша оның талаптарына келісуге мәжбүр болады» деген пікірдің бар екені жасырын емес. Мұндай пікірлер Ресейде де, Батыста да айтылып жатыр.

– Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – біздің ортақ ұйымымыз. Қазақстан – осы ұйымға мүше. 1992 жылы оны құруға атсалыстық. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев тиісті бастама көтерді. Сондықтан мен бөтен адамдардан емес, ҰҚШҰ-ны көмекке шақырдым. Демек мен өзіме, яғни одақтастарымызға жүгіндім.

Екіншіден, ҰҚШҰ бітімгерлік күштерін тарту ісі осы ұйымның келісілген құжатына сәйкес орындалды. Сондықтан бұл заңды деп санаймын.

Үшіншіден, Қазақстанға келген ҰҚШҰ бітімгерлік контингенті бірде-бір оқ атқан жоқ. Бітімгерлік күштер стратегиялық нысандарды ғана күзетеді, қалған мәселені өзіміз шешеміз. Бізге тыл керек деп ең басында келісілген болатын.

Төртіншіден, Қазақстанға бітімгерлік күштердің келгені туралы ақпарат психологиялық тұрғыдан маңызды рөл атқарғанын, бұзақылардың зәре-құтын қашырығанын түсінген жөн. Мұның үлкен күш екені түсінікті. Айтпақшы, бұл біріккен бітімгерлік контингент. Оның құрамында Ресейден бөлек Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстан елдерінің әскери бөлімдері де болды.

Ал енді «қарыздар» және тағы да басқа қауесеттерге келер болсақ, бұған қатысты Владимир Путинмен ешқандай әңгіме болмағанын ашық айтамын. Кремль та-

рапынан да алдын ала ешқандай шарт айтылған жоқ.

Түптеп келгенде, Қазақстан үшін Ресей одақтас мемлекет. 2013 жылы Екатеринбургте тиісті шартқа қол қойылды. Айтпақшы, мен ол кезде Женевада едім. Сондықтан бұл шартты әзірлеуге қатысқаным жоқ. Онда Қазақстан мен Ресейдің одақтастық қатынастары туралы айтылған. Біздің елдеріміз арасындағы байланыстар Алматыдағы оқиғаларға дейін де әрдайым тығыз, сындарлы, әр шын мәнінде серіктестік сипатта болды және жалғаса береді.

Мен ақпан айының ортасына қарай Ресей Президентінің шақыруымен Мәскеуге сапармен барамын. Сонда елдеріміз арасындағы ұзақмерзімді ынтымақтастыққа қатысты аса маңызды келісімге қол қоямыз.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, интернеттің қауіпсіздік мақсатында сәндірілгені түсінікті. Осы кезде жұрт ақпарат ала алмай қалды. Түрлі ақпарат тарайды. Енді шын мәнінде не болғанын өжіктеп түсіндіруге мәжбүр болып отырмыз...

– Рас, біз ақпараттық тұрғыдан жеңілгенімізді мойындауымыз керек. Ешкім менің бұйрығымды да, іс-әрекетімді де толық түсіндіре алмады. Кейіннен мен өзім тікелей араласып, ана жерге барып ананы айт, мына жерге барып мынаны айт деп тапсырмалар беруге мәжбүр болдым. Яғни ақпараттық тұрғыдан жеңіліп қалдық, Сізбен келісемін. Алайда бізде оған уақыт болған жоқ. Өтіп кеткеннен кейін бәріміз ақылдымыз. Ол кезде біз туралы кімнің не айтатынын ойлайтын шама да болған жоқ. Мұндай жағдайда интернетті Қазақстанда ғана емес, басқа да бірқатар елде өшіреді. Себебі оны теріс пиғылды адамдар өз мақсаттарына пайдаланып кетеді. Бандиттік құрылымдардың командирлері арасында ақпараттық тұрғыдан арнайы дайындықтан өткен адамдардың болғанын атап өту керек. Демек жалған ақпараттар легі, былайша айтқанда, фейктер үздіксіз ағылып жатты. Бұның Қазақстанға қарсы жан-жақты дайындалғандардың пайдасына жұмыс істегенін тағы да қайталап айтқым келеді.

– Тұңғыш Президентке қатысты тақырыпқа нүкте қойсақ қайтеді. Сіз бен Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың арасында қандай да бір келісім немесе уағдаластық болды ма? Өйткені ол телеарналар арқылы үндеу жасағанға дейін Сіздердің араларыңызда оның жеке басының және отбасы мүшелерінің артықшылықтарын сақтауға қатысты мәселе саудаға салынды деген қауесет бар.

– Саудаға салу деген мәселе ешқашан болған емес. Жеке басының артықшылықтары жайлы да әңгіме қозғалған жоқ. Тек Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы мәртебесіне қатысты мәселені шұғыл шешу жөнінде әңгіме болды. Жасыратыны жоқ, жағдай ушығып кеткендіктен, мен халыққа үндеу жасап, осы сәттен бастап Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы екенімді мәлімдейтінім туралы мәселе көтердім. Бұл – сол сәтте шешілген мәселе. 28 қаңтарда «Нұр Отан» партиясының съезі өтті. Сонда мен сөз сөйлеп, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи рөліне лайықты баға бердім. Бұл әділ баға деп есептеймін және алдағы уақытта халқымыз осыған тоқтайды деп үміттенемін.

– Митингтер басталған кезде көптеген танымал азамат адамдарды көшеге шығуға шақырды. Жалпы, қоғамдағы түрлі жағдайларға қатысты пікір білдіріп жүретін зиялы қауым өкілдері мен танымал тұлғаларға қатысты Сіздің ойыңыз...

– Тарихтың аумалы-төкпелі сәттерінде зиялы қауымның рөлі айрықша көрінеді. Басымыздан өткен трагедияға қатысты айтар болсақ, зиялыларымыз бен медиа тұлғалар есеңгіреп қалған сияқты. Өйткені ол кезде ахуал тез өзгеріп жатты. Бейбіт шерушілердің орнына алғашында бұзақылар, кейіннен кәсіби бандиттер келді. Осы сәтте алаңдағы арпалысты кейбіреулер түсінбеді. Мүмкін кейбір бұқаралық ақпарат құралдары бейбіт шерушілерге қатысты жазалау шаралары қолданылды деп, бәрін әдейі бұрмалап көрсеткен шығар. Ал шын мәнінде, бұл қасіретті бастан өткерген біз іс жүзінде басқаша болғанын анық білеміз. Қазақстанға шабуыл ұйымдастырушылар алаңдағы жылдам өзгеріп жатқан аласапыранды әдейі ойластыруы мүмкін. Сөйтіп, жағдайды ушықтырды. Мәселен, қалаға бандиттер кірген кезде Алматы тұрғындары олардың кімдер екенін түсінбестен, «міне жарады, көшеге шықты, билікке қарсылық танытып жатыр» деп ұрандап, қолдау көрсетті. Сол кезде қала тұрғындары содырлардың бүкіл қаланы қиратып, оққа орап кететінін білген жоқ еді.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛМАЙДЫ

– Енді, сүйікті қаламыз Алматы туралы айтар болсақ, қаланың Алматы, Алма-Ата атауларына қатысты әртүрлі пікір бар. Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай? Сонымен қатар қала әкімі Бақытжан Сағынтаев пен оның орынбасарларына қатысты кадрлық өзгерістер бола ма?

– Ал өзіңіз қалай ойлайсыз? Өкімнің орнында қалғаны дұрыс па әлде ауыстыру керек пе?

– Сіз 26 мың адам қол қойған петицияны көрдіңіз бе?

– Көрдім. Өкімге қатысты айтар болсақ, ол сол сәтте, шынымен де, абдырап қалды. Өмірінде бірінші рет осындай жағдаймен бетпе-бет келген шығар. Кез келген адам қысылғанда тығырықтан шыға білмейді. Сондықтан өкімді айыптағым келмеді. Ол міндетін адал атқаратын қызметкер. Дегенмен алматылықтардың пікірлерін де ескеруім керек. Уақыты келгенде біле жатарсыз. Бұл – бір. Екінші, қала атауына қатысты. Қазір шешім қабылдап, барлық жұхаттарды қайта өзгертудің қажеті не? Алматы деп атау қазақтілді жұртшылыққа қолайлы, ал орыс тілінде Алма-Ата деп айту ыңғайлырақ. Ендеше, былай келісейік, қаланың ресми аты Алматы болып қалсын. Ал қала тұрғындары мен қаламызға бейжай қарамайтын азаматтар өздеріне қалай ыңғайлы болса, солай атай берсін.

– Сіз бизнесмендермен өткен кездесуде жастардың техникалық мамандықтарға көбірек бейімделуі керек екенін айттыңыз. Ол үшін Ресейде білім алын дедіңіз. Осы бастамамыз сынап жатқандар да бар. Олар неге Батыста емес, Ресейде оқу керек деген уәж айтады. Сіз, шынымен, Ресейдің білім беру жүйесін озық деп есептейсіз бе?

– Ресейде техникалық білім беру сапасы жоғары. Бұл бәріне белгілі. Мысалы, Мәскеуде МФТИ, Бауман училищесі, Новосібір университеті, Томск университеті және басқа да жоғары оқу орындары бар. Әрине, ешкімді міндеттемейміз. Ол жайғана Ресейге оқуға жіберген дұрыс деген ұсыныс болатын. Біріншіден, тіл мәселесінде кедергі жоқ. Екіншіден, екі ел стратегиялық серіктес, ірі бизнеске қатысты бірлескен кәсіпорындарымыз да бар. Бізге Ресейде оқып, техникалық мамандық алған кадрлар қажет. Кейбіреулер Батыста білім алғысы келеді. Оларға да еш кедергі жоқ. Бірақ ол жақтың білімінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін түсіну керек. Батыстың білімін идеял тұтпас едім. Олардың университеттері де диплом басып шығаратын кеңселерге айналып кеткенін білеміз. Жасыратын несі бар, біздің кейбір жастарымыз Батыстағы «ақшанды төле де, біраз уақыттан кейін дипломыңды ал» дейтін оқу орындарында оқыған. Онысын танымал университет бітірдім деп, тым әсірелеп жібереді.

– Бизнесмендермен өткен кездесуде елімізде әлдебір олигополия қалыптасқанын айттыңыз. Бұл сөзіңіздің астарында не жатыр? Ат төбеліндей аз ғана іскерлер тобы экономиканың негізгі секторларын бақылап отыр дегеніңіз бе?

– Иә, шын мәнінде, бұл алаңдататын өзекті мәселе. Олигополия дегеніміз не? Ол – экономиканың негізгі секторларын аздаған адамдар тобының толығымен бақылауы. Өкінішке қарай, бізде осындай жағдай қалыптасқан. Сол аз ғана адамдардың тобы жоғары басшылыққа өте жақын болып, мемлекет тарапынан қабылданатын шешімдерге ықпал еткен. Бұл жағдай бізде де бар.

– Әрине, біз мұны түсіндік. Ал енді не істейміз?

– Жұмыс өте көп. Ең алдымен, орта және шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлердің санын көбейтуіміз керек. Басқа жолы жоқ. Соларға жағдай жасап, несие ресурстарының қолжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн. Біздің экономикамыз соншалықты үлкен деп айта алмаймыз. Қазір еуразиялық интеграцияның дұрыс немесе бұрыс екенін саралап отыратын уақыт емес. Қалай болғанда да, еуразиялық кеңістікте өмір сүріп жатқанымызды мойындауымыз керек. Сондықтан оған бейімделіп, мемлекет мүддесі тұрғысынан интеграцияның игілігін көруге ұмтылған абзал. Бұл біздің Үкіметіміз үшін ауқымды әрі өте күрделі жұмыс. Үкімет қызметінің осы бағытына ерекше мән беремін. Бұған жауапты министр Премьер-Министрдің орынбасары деген мәртебеге ие болды. Өйткені ол Мәскеуде де, Еуразиялық экономикалық комиссия аясында да тең дәрежеде келіссөз жүргізе білуге тиіс.

– Сіз Парламентте сөйлеген сөзіңізде қыркүйек айында әлдебір саяси-экономикалық реформалардың топтамасын ұсынатыныңызды айттыңыз. Қандай реформалар екенін білуге бола ма? «Егер бірдеңені өзгертіңіз кел-

се, одан құтылу керек» деген сөз бар. Бұрынғының бәрін жойып, қайтадан бастаймыз ба?

– Мен кадрлардың бәрін ауыстыруға қарсымын. Біріншіден, оларды біліктілігі мен жұмыстарының сапасына қарай бағалау керек. Жұрттың талабы осы екен деп Үкіметті жүз пайыз өзгертіп, «Міне, мен келдім, мен – революционермін» деу – менің тәсілім емес.

Екіншіден, кадр да көп емес. Осы орайда мынадай бір әзіл-әңгіме бар, бәлкім бұл рас болуы да мүмкін. Бірде Берия Сталинге келіп, «Жазушыларға шара қолдану керек. Фадеев ішеді, Шолохов ішеді, Вишневский ішеді, Симонов ішеді, Алексей Толстой да бұдан кет әрі емес», – дейді. Сталин оған: «Менің басқа жазушыларым жоқ», деген екен.

Бұл жерде де лайықты министрлерді іздеу керек. Көшеден әкеліп тағайындай салуға болады. Ондай жағдай әлем тарихында да бар. Бірақ бұл тұрақсыздыққа әкелуі, бүкіл жүйені шатқаяқтатып жіберуі мүмкін. Сондықтан кадр мәселесіне мұқият болған жөн. Алдағы уақытта жан-жақты ойластырылған, пысықталған өзгерістер жасалатыны анық. Біз, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінің аясында ұлттық қауіпсіздік жүйесін реформалаймыз. Қаңтардағы қайғылы оқиғалар бұл мәселенің қаншалықты өзекті екенін көрсетті. Сондықтан осы проблеманы көп созбай шешу қажет.

– Аталған реформаларды жүзеге асыру үшін қанша уақыт керек?

– Реформалардың мәні адамдарды өзгерту емес. Реформалар, ең алдымен, жүйені өзгерту немесе жүйенің кемшіліктерін түзетіп, оның қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізу деген сөз. Алда болатын кейбір оқиғаларға болжам жасай отырып, еліміздегі парламент пен партия жүйесін реформалау жөнінде ойларым бар. Мемлекет басшысы ретінде бұл туралы 28 қаңтарда өткен партияның съезінде айттым. Президент қоғамдық-партиялық және саяси құрылымдардың бәрінен біршама жоғары тұруға тиіс деп санаймын. Әртүрлі қоғамдық-саяси күштерді мемлекетіміздің мүддесіне жұмылдыра білуім керек.

– Иә, бәлкім, елімізде лайықты оппозиция бірте-бірте қалыптасар. Өйтпесе, меніңше, оппозиция деген жай сөз ғана сияқты.

– Әрине, оппозиция бізде бар, бірақ көбінесе көшеде ғана. Сізбен келісемін. Білік партиясының өзінде де оппозиция бар. Бұған дейін айтқаныма, партия қоғам қажеттіліктерін ескере отырып, қайта құрылуға тиіс. Мәжілісте бірнеше күшті партиялар болуы керек деп санаймын. Тіпті Үкіметті жасақтау кезінде конституциялық басымдық болмаса, олар ортақ мәмілеге келуі керек. Бізге саяси мәдениет қалыптастырып, саяси қайраткерлерді өсірген жөн. Себебі мұндай экстремистік жағдайларда бізге қоғамдық популизм мен экзальтация қажет емес. Мысалы, Германияда барлығы да мәдениетті түрде өтеді. Партиялар ауысады. Адамдар байсалды сөз сөйлейді. Басқа партиялар оларды тыңдап, белгілі бір мәмілеге келеді. Үкіметтегі негізгі лауазымдарға өздерінің адамдарын ұсынады. Уақыт өте келе, біз де осыған келеміз деп ойлаймын. Мен Президент болып тұрған кезде осы нәтижеге қол жеткізім келеді.

– Шын мәнінде, қазіргі уақытта халық Сізден зор үміт күтеді. Елімізде өзгеріс жасай алатын Президент бар деп түсінеміз. Бұрын мұндайды сезінбейтін едік...

– Бұрынғының бәрін сынай бермейік. Қалай болғанда да, бұл – біздің тарихымыз. Бірақ менің Президент ретіндегі басты міндетім – бүкіл қоғамды және барлық саяси жүйені, соның ішінде экономиканы трансформациялаудың оң нәтижесіне қол жеткізу. Қазақстан халқына арнаған ең алғашқы Жолдауымда саясат пен экономика қатар жүретінін айтқан едім. Қазіргі тарихи жағдайда бүгін экономикамен айналысамыз, ал саясат күте тұрады деп айта алмаймыз. Экономикалық жаңғыруды қарқынды жүзеге асыруда саясат та маңызды рөл атқаратыны белгілі. Түптеп келгенде, баршамамыз Марксты оқыдық, әсіресе, менің замандастарым. Бұл жөнінде Маркстың: «Негіз – бұл экономикалық базис. Бірақ экономикалық базиске ықпал ететін саяси құрылым бар. Кейде экономикалық базиске қарағанда, саяси құрылым әлдеқайда маңызды рөл атқарады» деген ой-тұжырымы бар. Сондықтан қоғамды саяси трансформациялаумен қатар экономиканы қайта жаңғыртуды да бірге алып жүру керек. Бұл – менің миссиям. Қанша уақыт Қазақстан Президенті болатынымды білмеймін. Бірақ нақты білетінім, Конституцияға сәйкес екі мерзімнен ұзақ отыра алмаймын. Яғни ешқандай заңға, әсіресе Конституцияға

өзгерістер енгізілмейді.

– Сот жүйесіне реформа жасала ма?

– Турасын айтайын, сот жүйесіне алаңдаушылықтың болуы заңды. Қазіргі уақытта реформа жүргізіліп жатыр. Оның қалай және қандай қарқынмен іске асырылып жатқаны – басқа мәселе. Мен кәсіпкерлермен өткен кездесуде бұрын болмаған Әкімшілік істер жөнінде алқа құру туралы айттым. Бұл құрылым кәсіпкерлік мәселелерді, инвестициялық дауларды қарастырумен айналысады. Қазір біз судьяларды іріктеу кезінде шешуші рөл атқаруға тиіс Жоғарғы Сот кеңесінің мәртебесін біршама күшейтіп келеміз. Судьялар корпусына кәсіби судья емес адамдарды да жібердік. Кәсіби судья әділ төреліктің келілі деген сөз емес қой. Сол сияқты корпоративтік сектор мен басқа да салаға мамандарды жолдап отырмыз. Яғни судьялардың кәсіби құрамына өзгеріс жасау қажет. Оларға қойылатын басты талап – адалдық пен әділдік.

– Сіздің бастамаңызбен құрылған «Қазақстан халқына» қорының қамқоршылық кеңесі жасақталды. Қазірдің өзінде 20 миллиард теңгеден астам қаржы түскен. Мүмкін, оның жұмыс істеуі тегірі әлі де нақтыланбай отырған шығар. Өйткені олигархтар қорға ақша аударуға асығар емес. Бұл үрдіс тұрақты болу үшін оларға қатысты қандай да бір шара қолданыла ма?

– Қазіргі кезде Қордағы ақша 20 миллиард теңгеден көп, шамамен 50 миллиард теңгеді. Мен Қордың жұмысына араласпаймын. Бұрынғы Қаржы министрі Болат Жәмішев Қордың басшысы болып тағайындалды. Қамқоршылық кеңесі бар. Олар қоғамдық бастама бойынша жұмыс істейді. Менің жұмысым Қорға жарна түсіру ісіне ықпал ету және бұл жөнінде өзімнің ұстанымымды айттым. Біріншіден, бұл – салық емес, қайырымдылық. Бірақ әрдайым оның да белгілі бір параметрлері болуы керек. Үкімет салық салынатын табыстың 3 пайызы деп белгіледі және бұл тек ірі бизнеске ғана қатысты. «Қазақстан халқына» қоры науқас балаларға, бұқаралық спортқа, оның ішінде ауылдық жерлердегі балалар спортын дамытуға, Алматыны қалпына келтіруге, мәдениетті өркендетуге және басқа да игі шараларға көмектеседі. Бұл мәселелермен Қамқоршылық кеңесі айналысады.

– Тағы бір мәселе. Еуропарламент Қазақстандағы оқиғалар бойынша қарар қабылдап, халықаралық тергеу жүргізуді талап етуде. Бұл құжатқа қатысты Сіздің пікіріңіз және Еуропарламент институтына көзқарасыңыз қандай?

– Институт ретінде Еуропарламентке деген көзқарасым дұрыс. Осы құрылымға мүше болу мемлекеттерге қаншаға түсетінін адамдар білсе, онда бұл институтқа деген сыни көзқарастары күшейе түсер еді. Бірақ бұған тоқталғым келмейді. Өйткені бұл – Еуропалық одақтың мәселесі. Егер олар мұндай институт қажет деп санаса, өздері білсін.

Қарар ештеңеге міндеттемейді. Ұсыныс ретінде айтылған. Қазақстанға қатысты екінші рет қарар қабылданып отыр. Мұны мүлдем объективті емес және күні бұрын қабылданған құжат деуге болады. Сондықтан бұл қарарға бола еш алаңдамаймын. Қазақстандағы оқиғаларға қатысты халықаралық тергеуге келетін болсақ, мұндай тергеу жүргізудің қажеті жоқ деп есептеймін. Өзіміздің де қолымыздан келеді. Бізде де адал әрі әділ мамандар бар. Бүгін ол азаматтардың біразының аттарын атадым. Бұл комиссияларды құруға мен де және менің әкімшілігім де қатысқан жоқ. Өздері ерікті түрде осындай институт құруға шешім қабылдады. Жұмыс істесін. Өйткені мен де ақиқаттың ашылып, шындықтың айтылуына мүдделімін.

Тағы бір айта кетерлігі, бұл қарардың қабылдануына лоббистер түрткі болған. Лоббистер – кезінде Қазақстанның қыруар ақшасын қалтасына басып шетелге кеткендер. Қазір олар сол ақшаларын елімізде түрлі шерулер ұйымдастыруға жұмсап, «қаншалықты жаман болса, соншалықты жақсы» деген қағидаға сүйенетін адамдардың тапсырысымен жұмыс істейді. Мен бұларды Өзбекстанның олигархтарымен салыстырамын. Шетелде мол қаражат тапқан олар өздерінің тарихи отанына келіп, Өзбекстан Президентінен «Өзбек халқына не істей аламыз, қандай көмек керек?», – деп тапсырма сұрайды. Содан кейін өз қаражаттарына ауруханалар, инфрақұрылымдар салады. Елімізде отырып немесе шетелде жатып, өз еліне шабуылдайтын біздің олигархтардың өзбек олигархтарынан айырмашылығы міне, осындай.

– Соңғы кездері синофобиялық пікірлер байқалып жүр. Кейбір адамдар Қытайдың Қазақстан экономика-

сына қатысуына наразылық білдіруде. Қытаймен арадағы ынтымақтастықтың сипаты өзгере ме? АҚШ-пен қарым-қатынасымыз қалай өрбімек? Байланыстарымызға сызат түсуі мүмкін бе?

– Қытайға қатысты айтар болсақ, көршіні біз таңдамаймыз. Қытай, ең алдымен, біздің Құдай қосқан көршіміз. Екіншіден, Қытай – экономикалық даму жағынан орасан зор табысқа жеткен ел. Жоғары технология, жасанды интеллект тұрғысынан алып қарағанда, алдыңғы қатарда тұрған мемлекет. Әрине, Қытаймен ынтымақтастық жасауымыз керек. Біз Қытайдың нарығына тәуелдіміз. Елімізде стратегиялық өнімдер шығаратын ірі кәсіпкерлердің бәрі Қытай нарығына үміт артады. Бұны жоққа шығару дұрыс емес. Қытайға қарсы шеру өткізетіндер өздерінің саяси мақсатын жүзеге асырғысы келетіні анық. Бәлкім, олар экономикамызға не қажет екенін мүлде түсінбейтін және экономикалық шынайы ахуалдан хабары жоқ адамдар. Өйтпесе, әлемдік қоғамдастықта геосаяси қақтығыстар жүріп жатқан қазіргі кезде оларға қандай да бір қорлар мен құрылымдардан ақша төленуі де мүмкін.

Жуырда өткен «Орталық Азия – Қытай» саммитінде былтырғы 11 айдың ішінде екі ел арасындағы сауда айналымы 17 миллиард долларға жеткенін айттым. Бұл – маңызды көрсеткіш. Біз Қытаймен арадағы сауда-экономикалық, инвестициялық серіктестікті одан әрі дамытуға мүдделіміз. Қытайды тануымыз және қытай тілін үйренуіміз керек. Әрине бұл «ақ жалау көтеріп, алдынан шығу» деген сөз емес. Біз Қытайдың үлкен әрі ұлы мемлекет екенін және екі елдің өте жақсы қатынаста болуы керектігін түсінгеніміз жөн.

Ал АҚШ-тың қазіргі әлемде маңызды рөл атқаратыны баршаға мәлім. Біз энергетика саласы мен ядролық қаруды таратпау мәселесі бойынша әрқашан ынтымақтастықты дамыту бағытын ұстандық. Қазақстан бұл бағытты жалғастыруға дайын.

– Сіз шынымен де мемлекет мүддесін жеке қарым-қатынасыңыздан жоғары қоясыз ба?

– Осы соңғы оқиғалар мемлекеттің мүддесін бәрінен жоғары қоятындымы көрсетті деп ойлаймын. «Платон менің досым, бірақ ақиқат қымбат» деген сөзді көпшілікке ұнау үшін айтқан жоқпын. Бұл бос сөз емес. Шын мәнінде, Президент үшін мемлекеттің мүддесі қашанда бәрінен жоғары тұруы керек деп есептеймін. Менімен жақсы қарым-қатынастағы адамдардың да құлағына алтын сырға. Егер таразы басында мемлекеттің мүддесі тұрса, онда мен бұл қатынастан бас тартуға тиіспін.

– Адами тұрғыдан қиын ғой. Олай істеу мүмкін бе?

– Мемлекет басшысының міндеті – аса күрделі шешімдер қабылдау. Біз бүгін құқық қорғау органдарына қарулы бандиттерге байланысты берген бұйрығым туралы айттық. Әрине, мен өзіме және беделіме нұқсан келтіретін шешім қабылдадым. Әлемдік қауымдастық алдында мінсіз тұлға болып, қол алысып, сөз сөйлеп жүре берген, әрине жақсы. Ал сынға ұшыраған оңай емес. Сөз мемлекеттің қауіпсіздігі туралы болып отыр. Ең алдымен, өз азаматтарымыздың амандығын ойлаған абзал. Бұл мәселе үнемі Президенттің жадында болуы керек.

– Жұртшылықтың басым көпшілігі еліміздегі төртпісздіктер мен іске аспаған төңкеріс кезіндегі Сіздің шешіміңізді қолдады. Жақсы баға беріліп жатыр. Қазақтың бір ақыны сізге өлең арнады. Біз осы бәз-баяғы қалпымызда жүрген жоқпыз ба? Мұндай жағдайды бастан өткердік қой. Жалпы, мадаққа қалай қарайсыз?

– Мен бұған қарсымын. Өйткені мақтау, мадақтау сөздері мүлде жоқ ортада өстім. Мен мұндай жағдайларды қолдамаймын. Мақтау сөздерге табиғи иммунитетім бар дей аламын. Бірақ біздің кейбір зиялы қауым өкілдерінің көзқарасын өзгерту оңай емес. Әрине, олар мүлде басқа ортада өсті. Мақтау сөздер мен мадақтың еш қажеті жоқ.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгінгі сұхбатыңыз үшін алғысым шексіз. Бәріміз қызығы мен шыжығы көп уақытта өмір сүріп жатырмыз. Қазақстанның бірде-бір тұрғыны жауапкершіліктен қашпайды. Өйткені қазір мұны біз үшін біреу істейді дейтін заман емес. Бәріміз үшін елімізді жақсы жағына қарай өзгертетін, жайлы өмір сүруге ұмтылдыратын оңтайлы сәт туды деп ойлаймын.

– Өмірге деген осындай оптимистік көзқарасыңыз үшін рахмет.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да рахмет айтамын.

Әңгімелескен: Вера ЗАХАРЧУК, журналист.

◆ ÜLAĞAT ÜIASY

Әлемде сан түрлі мамандық иесі бар. Сол мамандықты әулетімен игерген отбасылар аз емес. Ем іздеген жанның дертіне шипа болған дәрігерлер отбасын да медицинада жиі кездестіріп жатамыз. Бүгінгі сөз білім саласына бар ғұмырын арнаған әулет жайлы болмақ. Бойына ұстаздық қасиет дарыған отбасын алыстан іздеудің керегі жоқ. Сіз бен біздің киелі мекенімізге айналған Ескелді жерінің перзенттері. Иә, сөзді сөзбай нақтысына көшсе Алдабергенов ауылдық округіне қарасты, Жастар ауылының тұрғыны, Жастар негізгі орта мектебінде 38 жыл бойы қызмет етіп келе жатқан, директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ботагөз Ниетжанова туралы сыр шертпекпіз. Әңгіме әулет қақында болған соң сөз барысында ауданның білім саласына аянбай қызмет етіп жүрген үш перзентінің де әр қайсына жеке-жеке тоқталамыз. Алғы сөзді осыдан үш жыл бұрын дүниеге салған, әулеттің отағасы, ұлағатты ұстаз Жеткіншек Нұрвотың саналы ғұмыры жайлы көңіл пернесінен бастасақ.

ҰСТАЗДАР ҰСТАХАНАСЫНА АЙНАЛҒАН ШАҒЫРАҚ



– Жәкең табиғатынан өте қарапайым жан еді. Бар байлығымыз балаларымыз деп отыратын. Үлкен болсын, мейлі кіші болсын ешкімнің көңіліне қаяу түсірмеуге тырысатын. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда сыйласып өттік. Жәкең спортқа мектеп жасынан жақын болды. Дене шынықтыру пәнінен мұғалім болып, шәкірттерін стол теннисіне, өзге спорт ойындарына баулыды. Күнделікті қауырт жұмыспен жүріп, қиындықтың алдымыздан батпандап келгенін байқаймай да қалдық. 2015 жыл еді. Жолдасымның бүйрегі сыр беріп, өміріне қауіп төне бастады. Ішім алай-дүлей, шырылдаған үнім амал іздеп қанша шарқ ұрғанын көрсеңіз. Иә, менің бүйрегім сәйкес келіп, өмірінің санаулы күндері қалды дегенде бүйрек ауыстырдық. Донор боламын деп шешім қабылдағанда ештеңе ойламадым. Қайтсем өмірім ұзартамын, қайтсем аман алып қаламын деген ой ғана болды. Махаббатымыздың дәлелі болғандай бір-біріне бүйрегін берген 7-ші ерлі-зайыпты болдық, – деді Ботагөз Егенбаевна.

Ботагөз Ниетжанова 1962 жылы наурыз айында Алматы қаласында дүниеге келген. 1979 жылы Алдабергенов ауылындағы Матай Байысов орта мектебін тәмамдаған. Сол жылы Талдықорған қаласындағы Илияс Жансүгіров атындағы институттың филология факультетінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығына оқуға түседі. Еңбек жолын өзі түлеп ұшқан, М. Байысов атындағы орта мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметінен бастады. 1995 жылдан бастап дәл сол мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет етеді. 1999 жылы Жастар негізгі орта мектебіне оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып ауысып барады. Сол барғаны барған, табан тірегені тіреген екен. Табан аудармай бар ғұмырын Жастар ауылының тоғыз жылдық мектебіне паш етті.

Ботагөз Ниетжанова өз бақытын еңбектен тапқан ұлағатты ұстаз. Ардагер ұстаздың білім саласын жандандыруға қосқан өлшеусіз еңбегі мемлекет тарапынан ескерусіз қалмады. Адамның адамшылығы марапатпен ғана өлшенбек емес, адамды одан да биік етіп, қосымша керік беріп тұратын – адами қасиеттері, игілікті істері болмақ. Жүзінен

шуақ, сөздерінен жылылық төгіліп тұрған ұлағатты мамандық иелері өнегелі өмірі мен еселі еңбегінің арқасында айналғанына қадірлі болары сөзсіз. Әйел адам үшін қызметтік мансаптан басқа, дүниеге ұрпақ әкелуі немесе оны тәрбиелеп жеткізу міндеті алғы шепте тұр. Міне, осындай аса жауапты қызметпен аналық парызын қатар өтей білген жанның перзенттері де ата-анасының ізімен жүріп келеді.

Бар ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ерлі-зайыптылардың ізгі ісін қыздары жалғауда. Ата-анасының жұмысқа деген шығармашыл көзқарастары, мұғалім әлеуетін үздіксіз көтеруге бағытталған әрекеттері балаларының бойында да қызығушылық тудырып, бүгінде аялап өсірген үш перзентінің бәрі де ата-анасының жолын қуып, ұстаздық жолын таңдаған. Олар аудан мектептерінде сабақ беруде. Атап айтар болсақ, үлкен қызы Дана Нурова Матай Байысов атындағы орта мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етуде. Ал, Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияны бітірген кенже қызы Диана Жеткіншекқызы Қанабек Байсейітов атындағы саз колледжінде тәлім береді. Ұстаздар әулетінің ортаншы қызы Жанна Нурова Жастар негізгі орта мектебінің ұйымдастырушы-ұстазы. Әулеттің қайсыбір мүшесін алмайық, бәрінің де өзінің еңбектері мен жеткен жетістіктері баршылық. Жүздерінен шуақ, сөздерінен жылылық төгіліп тұрған ұлағатты ұстаздар әулеті еселі еңбегінің арқасында айналғанына қадірлі. Бір-біріне қолдау көрсетіп, білгенін үйретуден жалыққан емес.

– «Адам ұрпағымен мың жасайды» демекші, әкемнің өзі болмаса да артында қалған ұрпағы, шәкірттері есіміне дақ түсірмей келеді. Әрқайсы түрлі саланың майталман мамандары. Бүгінде көптеген шәкірті спорт саласында үздік нәтиже көрсетіп келеді. Берген білімі мен атқарған жұмысы барлық шәкіртінің есінде. Себебі, ол шәкірт шамшырағын жаға білген, спортқа деген махаббатын аша білген ардақты тәлімгер. Әкем мен анам бір үш қашан да үлгі-өнегенің символы. Таза махаббатынан біз сияқты бақытты перзент өмірге келді. Анам – өте ерек жан. Еңбек жолында қызметін абыроймен атқара жүріп, әрбір ісіне жауапкершілікпен қа-

рап, ұжымның ұйып отыруы үшін қолынан келгенін аямады. Әлі де сонысынан таймай келеді. Ботагөз Егенбаевна үйде ана, мектепте білікті басшы, түзде жол нұсқаушы, – дейді Жанна Нурова.

Ұстаздық жолда Ботагөз Ниетжанова әріптестерінің арасында еңбекте адалдығымен, парасаттылығымен ерекшеленеді. Біріне – әпке, біріне – басшы, енді біріне – ұстаз. Қандай жағдай болмасын, нақты сөйлеп, ақылмен түсіндіреді. Ол – ұстаз ұлағатының ұлылығы, парасатпайымының биіктігі.

– Адамгершілігі мол, кәсібилік пен сыйластық ұғымдарын қатар қоя біліп, қаншама ұрпақтың ақылшысы әрі жанашыры болып, еңбек жолын толықтай мұғалімдік қызметке арнаған бірегей тұлға екенін барлық ұжым мүшесі біледі. Қадірлейді. Еңбегі тайға таңба басқандай көрініп тұр. Ботагөз аямаймыз мектепте жас мамандарға тәлім бере жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ауданның қоғамдық-әлеуметтік дамуына өзінің сүбелі үлесін қосып келеді, – дейді әріптесі Гүлнұр Декембаева.

Әрине, кімнің де болмасын, жалпы адамзат баласының өлшеулі өмірі нәтиже беруді талап етеді. Өмірде әр ісін нәтиже беріп жатса, бұл да өмірдің сыйы емес пе?! Ой салып қараған жанға бұл жолдар – бір адамның тағдыры, өмір тармағы, қайғысы мен қуанышы қатарласа жүретін батпандай бағы дер едім. Кавказ халқында «Тауға жақындаған сайын оның биіктігін түсінесің», – деген мәтел бар. Ол – Ботагөз Ниетжановаға қатысты айтылғандай. Өйткені, кейіпкеріміз сол тау секілді өміріне үнілген пендеге биіктей түсетіндей. Өлі күнге шаршауды білмейтін, табиғатынан шығармашылық дарыны еш сарқылмаған Ботагөз Ниетжанова өзінің өмірлік ұстанымымен де бөлісті.

– Балаларды жан жүрегіңмен жақсы көру керек. Махаббатыңды шынайы көрсетсең, олар махаббатпен жауап береді. Егер дауыс көтеріп, басымдық көрсетсең, алатын жауабың да сондай болмақ. Мұндай қатынас әріптестерге де қатысты. Сен түсінікті танытсаң, саған да түсінік танытады. Өскелең ұрпаққа білім беруден басқа ұстаздың мойнында қанша жүк жатыр. Мектептің, ауылдың қоғамдық өміріне тұрақты атсалысу, мектептегі кәсіподақ өмірі, аудандық конференциялар, облыстық мұғалімдер семинары тағы да басқа мұғалім өмірінде орын алар шаруа жетерлік. Десек те менің міндетім – шәкіртіңнің уақытын аялап, үздіксіз білім беру. Басқа шаруа күте тұрады. Бүгінгі – оқушы, ертеңі – тұлға. Алғашқы баспалдақ сауатты қалану үшін сапалы тәрбие ғана жемісін бермек, – дейді Ботагөз Ниетжанова.

Өз мамандығына деген құрметін жүрегіңде сақтаған, зор махаббат пен табандылық қасиетті бойынан көрсеткен жан кемде-кем шығар дүниеде. Білім саласында аянбай еңбек еткен ұлағатты ұстаз шәкірттеріне өмірлік азық болар тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік тұрғыда бағыт-бағдар бергені үшін әрдайым ұлықталуы тиіс.

Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ.

◆ MÖLDİR BÜLAQ

БІЗ КІТАПҚҰМАР ҰРПАҚШЫЗ



Біртуар жазушымыз Ғабит Мүсірепов: «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйыласақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», – дейді. Қазір қоғамда «жастар кітап оқымайды» деген пікір жиі айтылады. Сандық технология дәуірінде кітап оқуды ерсі көретіндер де жоқ емес. Дегенмен, кітап – ақыл мен парасаттың, ілім мен ғылымның бастауы. Осы ретте жастарға смартфонға, теледидарға телміргеннен гөрі, кітап оқуға кеңес берер едім.

Шынтуайтына керек, Абай атындағы орта мектептің 4-сынып оқушылары мектеп кітапханасында үнемі кітап оқып, бос уақытымызды тиімді пайдалану үшін «артық білімнің көзі» саналатын кітап парақтауды әдетке айналдырдық. Себебі, Ғабит Мүсірепов айтқандай біз ойлануымыз керек, біз білімді болуымыз керек. Еліміз үшін, Отанымыз үшін. Өткен жылы мектеп кітапханашысы Райхан Доспаеваның ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы

аясында небір қызықты шаралар ұйымдастырылды. Кітап көрмесі, «Ертегілер әлемі» тақырыбымен бейнероликтер көрсетілімі, ақын-жазушылар өмірі мен шығармашылығын насихаттайтын жиындар ұйымдастырылды. Мұндай шаралар мені де, менің қатарластарымды кітап оқуға үйретеді. Бүгінде мектеп кітапханасына түскен жаңа әдеби шығармаларды ата-анамызбен, әжелерімізбен бірлесе оқып жүрміз. Әсіресе, сыныптастарым Әлихан Нұрмұхамбетұлы, Әлихан Диязұлы, Периза Мейрамбек, Зере Ырысәліқызы, Юсуф Қалымұлылар жиі үйіне кітап тасымалдап, ата-аналарымен бірлесе оқыған кітаптарын мектепте баяндап отырады. Біздің сынып сүйіп оқитын ақын-жазушылардың көшін Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсариндер бастап тұр. Сыныптасым Сымбат Қайратқызы Абай атамызға еліктеп ақын болуды көздейді. Жуырда ол анасына арнап өлең шығарды:

*Апашым, аяулы апашым,
Мен үшін бір өзің данасың.
Теңдесі жоқ әлемде,
Ақылың асқан дарасың.*

Сондай-ақ, сыныптың оқушылары түрлі ертегі кейіпкерлерінің суреттерін де салып, сурет үйірмелеріне де қатысуда. Кітап оқу арқылы оқушылар түрлі іс-шараларға қатысып, білімін шыңдап жүр. Осындай керемет шаралар ұйымдастырған мектеп әкімшілігіне, ұстаздарымызға және мектеп кітапханашысы Райхан апайға алғысыз алғыс.

Ақерке СЕЙСАҚҰЛ,
4-сынып оқушысы.

◆ MAMAN MINBERI

ҰСТАЗ ҮЙРЕТУ АРҚЫЛЫ ҮЙРЕНЕТІН МАМАН

Ұстаз болуды балалық шағымнан армандадым. Қиындығы мен қызығы бірге жүретін осынау мамандықтың шынайы иесі болу үшін көп қиындықтан өтетінімді де топшыладым. Қиын дейтінім: Новатор педагог Ш.Амонашвилише айтсақ, әр сабағың шәкірт үшін күн, достық, қуаныш, шығармашылық, еңбек, ойын мен өмірдің өзі екенін алдымен өзің жете түсінуің ауадай қажет тұжырым. Балаларға білім беріп қана қоймай, тәлім-тәрбие беру, өмірге икемдеу, адалдыққа баулу, адамгершілік қасиеттерді бойына дарыту ұстаздан нағыз шеберлікті қажет етеді. Ал олармен сырласу, мерекелік шаралар ұйымдастыру, табиғат аясына саяхатқа шығу, көңілді кезеңдерін бірге бөлісу, бұл бір сәтке өзіңді бала сезінетін ерекше бір қызық шақтар. Қанша сәл тер төгіп еңбек етсең де, «болдым, толдым, мен бәрін де білемін» деп айтуға болмайтынын ұстаздар қауымы жақсы түсінеді.

Жаңартылған білім бағдарламасы қай пәннің мұғалімі болмасын, уақыт талабына сай болу үшін үлкен ізденістердің талап ететіні белгілі. Кез келген мемлекеттің өркендеуі оның білім беру саласының жағдайына негізделеді десек, білім беру үрдісіндегі маңызды тұлға – ұстаз тұлғасы болмақ. Оның үстіне бүкіләлемдік тәжірибе көрсеткендей, адам құндылықтары заман талабына сай қарыштай түсуде. Осы ретте Қазақстандық мұғалімдер қауымы сындарлы оқытудың әдіс-тәсілдерін деңгейлік, жаңартылған білім мазмұны курстарынан өту барысында меңгеруге бет бұрды. Білім беру саласы қызметкерлері әлі де өздігінен білім алу арқылы кәсіби күзиреттілігін дамытудан тайған емес. Өздігінен білім жетілдіруге педагог мақсат-міндеттерді өзі анықтайды да, білім алу құралдарын іздестіреді, өз-өзіне мұғалім болып, өзін-өзі білімге жетелейді. Ұстаз үнемі ізденіс үстінде болуы керек. Өмір бір орнында тұрмайтын сияқты, ұстаз атаулының бәрі үнемі алға жылжып отыруы керек деп ойлаймын. Сонда ғана кішкентай шәкірттеріміздің алдында, қоғам алдында ұстаздық мәртебеміздің көтерілуіне еш күмәніміз болмас еді.

Тілге тиек болған кәсіби жағынан шыңдалған іс-әрекет-

терге қалай жетуге болады деген сұраққа жауап іздесем... Рим философы Сенека Луций Аннейдің «Басқаларды үйрете жүріп, біз өзіміз де үйренеміз» - деген өсиет сөзіне сәйкес келеді. Шынында да кез келген педагог сыни ойлай алатын, жаңалыққа жаны құмар әріптестерімен бірігіп, шешім қабылдап, іс-әрекеттер жасайды, білгенімен бөліседі, тәжірибесін көрсетеді. Өйткені, бірлескен оқу, бірлескен іс әрекет соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал болатын әрекеттер құрылымы екенін жақсы түсінеміз.

«Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» демекші, өскелең ұрпақты дамыта отырып оқыта білетін, жалпыадамзаттық құндылықтарды бар асылдан биік қоятын мәртебелі ұстаздар тәрбиелесе, ел ертеңі де жарқын болары сөзсіз.

Кеншідейін тереңде жатқан білім мен ғылымның жемісінің дәмін алдындағы білім алушысына таттыратын, армансызға арман ұялатып, қанатсызға дарын қанатын бітіретін ғажайып күш иесі ретінде танылған ұстаздардың мәртебесі ешқашан төмендемесін.

Айгерім КАЛИЕКОВА,
М.Мәметова атындағы орта мектептің мұғалімі.

Ерқанат ДӘРКЕМБАЕВ,
аудандық мешітінің өкілі:



«ДИНДІ ҰСТАЙ АЛСАҢ ҚАСИЕТ, ҰСТАЙ АЛМАСАҢ ҚАСІРЕТ», ДЕЙДІ ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ. ШЫНЫ КЕРЕК, ЕЛІМІЗДЕ КІМ ҚАЙ ДІНДЕ БОЛСА ДА, ОҒАН ҚЫСАСТЫҚ ЖАСАУҒА БОЛМАЙДЫ. ӨЙТКЕНІ ҚАЗАҚСТАН ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ. ДЕГЕНМЕН КЕШЕГІ ЕЛІМІЗДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫН АЛҒАН «ҚАҒТАР ОҚИҒАСЫ» БІРАЗ ЖАЙДЫҢ БЕТІН АШТЫ. ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОП ЕЛ ІРГЕСІН БҰЗУДЫ МАҚСАТ ТҰТТЫ. ӘРИНЕ, БАСЫ БАЙЫТ БАСТАЛҒАН ЕДІ. АРТЫ ЛАҒҒА ҰЛАСТЫ. БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ «ЖАУ» КӨРЕТІН ДІНИ ЭКСТРЕМИСТЕР ЛАҒ САЛДЫ. ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАРЫМДЫ ҚАДАМДАРҒА БАРЫП, ТӘУКЕЛДІ ШЕШІМДЕР АРҚАСЫНДА ТҰТАСТЫҚ САҚТАЛЫП ҚАЛДЫ. МҰНАН ШЫҒАТЫН ӘҒІМЕ, ЕЛІМІЗДЕ ДІННЕН «АЛҒ» ШЫҒАРЫП, ЕЛДІ БҮЛДІРУГЕ, ҚИРАТУҒА АСЫҚ ЖАТ АҒЫМНЫҢ ӨКІЛДЕРІ БАР ДЕГЕНГЕ САЙ КЕЛЕДІ. ӨЙТКЕНІ, «ЖАУ ЖОҚ ДЕМЕ ҚЫР АСТЫНДА» ДЕГЕН ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ БАР. ЕЛІМІЗДІҢ БАСТЫ САЯСАТЫНЫҢ БІРІ – ЖАСТАРДЫ, ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫ ЖАТ АҒЫМНЫҢ ЖЕТЕГІНДЕ ЖІБЕРМЕУ. ҚАЛАЙ ДЕГЕНМЕН ЕЛ БОЛАШАҒЫ БӨРІНЕН МАҢЫЗДЫ. ОСЫ ОРАЙДА АУДАНДЫҚ МЕШІТТЕ ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖҮРГЕН АЗАНШЫ ЕРҚАНАТ ДАР-КЕМБАЕВ ПЕН СҰХБАТТАСТЫҚ.

◆ İMAN MINBERI

экономикада да жалпы әлеумет үшін маңызды рөл атқарады. Бұл ашықтықты көптеген уахабизм, салафизм бағытындағы сайттар пайдаланып кетеді. Көбіне олар радикалды идеяны ашық насихаттамайды. Бірақ авторлардың бәрі уахабилік, салафилік ғалымдар болуы мүмкін. Енді сол сайттарға кіріп, рухани ләззат алған жастар сол ғалымдарға, олардың пікіріне, таратып отырған іліміне байланып қалады. Осылайша бірте-бірте адасады. Сондықтан өз еліміздің білікті де білімді ұстаздарынан діни сауат ашуға ұмтылу керек. Салафизмді уағыздайтын шетелде отырған ұстаздар ілімін өдемілеп аударып қойған сайттарды оқи берген адам да шатасып, түбі ақ пен қараны ажырата алмайды. Сол себепті мемлекет, мүфтият бекіткен сайттардан, мешіттердің ресми парақшасынан ғана ақпараттарды қорықпай оқуға болады.

Мешіт-медресе бар, христиан болсаңыз шіркеулер бар. Мешітке барғанда сұрағыңызды іштегі жамағаттан емес, имамның өзінен сұрау қажет. Сондай-ақ діни әдебиеттерді ҚМДБ немесе дін істер комитетінің сарапшылары мақұлдаған, солардың діни сараптамасынан өткендерін ғана оқуға кеңес берер едім.

– Хақ діннен адаспас үшін қайтпек керек? Жастар үшін дініміздің нәрімен жусындау үшін не істеуі қажет?

– Дін – сенім. Сенім – көңілді кілті. Қазіргі қоғамда бір тұрпайы сипат бар. Ол дін өкілдері яки діннің өзі – мешіт я болмаса, медресе өкілдеріне ғана қатысты секілді. Тағы бірі – дінді өлім-жітім мен еске алу кезінде ғана еске түсіретіндей. Мұның бәрін таңыры – діни сауатсыздықтан. Осы тұста, әр пендеге қажеті – діни шынайы ақпарат. Ақпараттың алыбы Абай: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», – дейді. Сондықтан Алла үнемі жүрекке болу керек. Сонда ғана дұрыс ойлап, бұрыс дүниеден қашасыз. Діни ақпарат алуда, алдымен Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасының келісіміне қарауымыз шарт. Ондағы уағыздаушысы кім екеніне толық мән беруіміз керек. Себебі, діни сауатты маманның ғана пікіріне құлақ салған дұрыс. Кез келген ақпараттың, әлеуметтік желілердегі пікірлердің дұрыстығын тек қана мамандар аражігін ажыратады. Еліміздегі жастарды діни ұстазды таңдауда барынша сақ болуға шақырамын. Дінге енді беттеген адамның көзқарасын өзгерту, тура жолға салу аса қиын емес. Тек дер кезінде дұрыс жол таңдаса болғаны. «Бөлінгенді бөрі жейді», – дейді атам қазақ. Қазақстанның әрбір азаматы өзінің діни сауатын арттыруға мән беріп, рухани және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге өз шамасының жеткенінше атсалысатын болса елдің ішкі тұрақтылығы мен бүтіндігіне ешқандай жат пиғылды ағымдардың сызат түсіре алмасы анық.

– Жауабыңызға рақмет. Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ.

ЖАСТАРДЫ ЖАТ АҒЫМДАРДАН АМАН САҚТАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

– Ереке әңгімені әлемді жайлаған дерттен бастасақ. Пандемия «дін саласына» қалай әсер етті?

– Жұма намазымыз қысқарып, біраз уақ мешіттердің есіктері жабылды. Десек те, әр сынаққа Алланың өзі көмек берді. Дін саласы деп айшықтап айтсам, коронавирус инфекциясының алдын алу мақсатында жасалған карантиндік шектеулерге байланысты тұрғындар ақпаратты тек интернеттен ала бастады. Қашықтықтан жұмыс істейтін азаматтар ғаламтордағы ақпараттардан сусындай бастағаны етірік емес. Google, Яндекс сияқты кез келген іздеу жүйесінен діни ақпарат іздесеңіз, өте көп мөлiмeт, неше түрлі сайт шығады. Оның ішінде қай ақпарат дұрыс, қайсысы бұрыс – оны ажырату қиын.

– Сұрағымызға керек жа-

уапты лезде беретіні майдай жағады. Өзіміздікі тапсақ болды, дұрыс бұрысын тексеріп жатқан ешкім жоқ. Сонда ғаламтордағы ақпараттың «теріс» дүние екенін қалай білуге болады?

– Шынын айту керек, бұрын өзімізде діни сауатты ақпараттар аз болды. Қазір бұл мәселе толық үйлестірілді. Қазақстандық сегментті дұрыс бағыттағы ақпараттармен қамту мақсатында өте көп жұмыс істелді, істеліп те жатыр. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен өңірлік басқармалар бұл бағытты жақсылап қолға алды. Діни басқарманың порталы немесе мешіттер мен мүфтияттың ресми сайттарынан керек ақпаратты алуға болады. Радикалды, деструктивті бағыттағы теріс ақпаратты анықтау үшін мына үш белгіге назар аударған жөн. Біріншіден, мемлекеттік

құндылықтарымызға – ҚР Конституциясына, рәміздеріне, заңдарына қайшы келетін болса, екіншіден, ұлттық құндылықтарға – салт-дәстүр, өдет-ғұрыптарды мойындамаса, үшіншіден, отбасылық құндылықтар – ата-әже институты, келін институты, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету сынды құндылықтарға қайшы келсе, онда ол ақпарат – дұрыс емес. Бір сөзбен айтқанда, ұлттымыздың өркендеп дамуына, мемлекетіміздің гүлденуіне қарсы теріс ақпараттардың иісі сезілсе, онда ол сайтты, мақаланы, ол зерттеуді оқудың, миды улаудың қажеті жоқ.

– Иә, білместікпен әлемжәлі арқылы түрлі діни ағымдарға сусындап жатқан жастарға қайтпек керек?

– Қазақстан ашық мемлекет болған соң интернетті бұғаттау мүмкін емес. Ол ғылымда да,

– Ресми мәлімет бойынша, Қазақстанда тыйым салынған діни әдебиеттер тізімі 700-ден астам екен. Дерадикализацияны қалай жүргізу керек?

– Біріншіден, әр адамда медиа-сауат болуы керек және сыни ойлау дәрежесін дамыту қажет. Мысалы, киім сататын дүкендер көп болған соң сапасына мән беріп бірін ғана таңдайсың. Сол сияқты діни ақпараттар легін тұтастай жауып тастау мүмкін емес. Оларды жан-жақты сараптау, тыйым салу және бұғаттау бір күннің шаруасы емес. Бұл – өте үлкен шаруа.

– Қандай сайттардан діни ақпарат алуға кеңес бересіз?

– Қазір Қазақстанда діни бағыттағы оң ақпараттарды қалыптастыратын ресми сайттар бар. Солардың бастысы – Kazislam.kz, Muftiyat.kz, Fatua.kz, Azan.kz, Mazhab.kz, Ummet.kz және басқа да өңірлердегі орталық мешіттердің ресми сайттары.

– Діни ізденіске түскен адамға бірінші кезекте қандай ақыл-кеңес бересіз?

– Дін жайында сұрағыңыз болса имамдардан, теологтардан сұраған жөн. Еліміздің барлық аймағында дінді түсіндіріп бере алатын мамандар бар.

◆ JARŒAQ ДІНІМІЗ БОЛСЫН "ДІН" АМАН!

Діни экстремизм – бұл мемлекеттік жүйені күшпен өзгертуге немесе билікті күшпен басып алуға, мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын бұзуға, сонымен қатар осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін діни араздық пен өшпенділікті қоздыруға бағытталған діни мотивті немесе діни камуфляжды әрекет. Діни экстремизм – бұл зорлық-зомбылыққа, аса қатыгездік пен агрессивтілікке негізделген діни догматика.

Діни экстремизм – кез келген діннің көлеңкелі, қараңғы, қауіпті жағы. Діннің атын жамыла отыра аморальді көзқарастар мен принциптерді қорғайтын, жеке-леген адамдардың немесе бүкіл қоғамның мүдделеріне зиян келтіруге әкеп соғатын дүние. Ол демократия мен азаматтық қоғам институттарының қалыптасуы мен дамуына қарсы тұратын негативті фактор.

Сондай-ақ ол тікелей діни секталар мен деструктивті ағымдармен байланысты. Мұндай діни ұйымдар өздерінің жымсықы пиғылдарын дінге деген қызығушылық пен жана-шырлықтың артына ғана жасырып, іс жүзінде деструктивті идеяларды насихаттайды. Осындай пропандалық жұмыс арқылы адамның санасын улап, оны тұлға ретінде бұзады.

Нәтижесінде, экстремистік көзқарастарды насихаттаушы айналасындағы адамдардың құқықтарын аяққа таптап, діни жанжал туғызады. Мұндай азаматтар дінаралық мәселелерді саяси келенсіздікке айналдыру арқылы оларды конфликт қоздыратын құрал етіп пайдаланады.

Мұндай ағымның мақсаты – өз ұстанымын өзгелерге мойындату және оны барлығына күштеп таңу, негізгі мемлекеттік идеологияға айналдыру. Олар кез келген жат пікірді мойында-

удан бас тартып, компромисске келуден үзілді-кесілді қашады. Экстремизм себептерінің бірі – шовинизм, ксенофобия, өзге пікірге төзімсіздік сияқты дүниелерге алып келетін интеллектуалды соқырлық пен надандық. Сондықтан, бұл мәселеге, ең алдымен, интеллектуалдық деңгейде қарсы тұру қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясы әрбір азаматтың ар-ожданы мен сенім бостандығын қорғауды мақсат етеді. Дегенмен, сенім бостандығына толық мүмкіндік беретін зайырлық принциптері діни салада экстремистік идеологияға негіз болатын теріс діни догмалар мен деструктивті ағымдардың да еркін жұмыс істеуіне әкеп соқты.

Діни мотивке негізделген экстремизм жаһандық деңгейдегі өзекті мәселе болғандықтан әрбір діни әдебиетпен таныспас бұрын, оның авторларымен және деструктивті ағымдарға қатысы бар-жоғын анықтап алуымыз керек. Сондай-ақ, өзімізді және жақындарымызды жат ағымның арбауынан сақтау үшін Қазақстан заңнамасына сәйкес миссионерлік лицензиясы бар тұлғаларға ғана құлақ түргеніміз абзал.

Дүйсен БӨКЕЙ,
Ескелді ауданының теологы.

Ең алдымен Ислам және Терроризм деген екі сөздің мағынасына қарайық. «Ислам» сөзі «бейбітшілік», (Алланың заңдарына) «мойынсыну, бағыну» болып табылады. Терроризм – лат. terror – қорқыныш, үрей. Байқағанымыздай екі сөз бір-біріне қарама қарсы келеді. Ал қазіргі таңда көпшілік адамдарға ислам деген сөз айтылса, беттерінде қорқыныш пен үрейдің белгісі білінеді. Әрине, бұл адамдардың ислам діни жайлы білімінің таяз екені сөзсіз. Енді ислам дінінің терроризмге қатысы жоқ екенін дәлелдейік.

ИСЛАМ - ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ

Терроризм мен экстремизм әртүрлі көріністе көптеген елдер мен олардың азаматтарының қауіпсіздігіне барған сайын қауіп төндіруде. Ол саяси, экономикалық, моральдық шығындар әкеледі, қалың көпшілікке күшті психологиялық қысым жасайды, жазықсыз адамдардың өмірін әкеледі. Ислам өнегесінің негіздері – бұл қайырымдылық, жомарттық, адамдарға ізгі ниеттілік, кешірім және әділдік. Мұхаммед Пайғамбарымыз (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Өмірде пайдалы іс істейтін адамдар – Алланың сүйікті құлдары болып саналады. Ал ең пайдалы іс – бұл мұсылман бауырыңа қиналғанда қол ұшын беру, ашыққанда – азық беру, тарыққанда – қарызын өтеу. Мұсылман бауырыңа жасаған жақсылығың – мешіттің бір ай бойы жатып, дұға айтқаныңнан да артық. Шындығында, сірке суы қалай тәтті балды бұзса, жаман мінез-құлық та солай өмірін бұзады» деген. Қазіргі таңда болып жатқан жағдайларға қарасақ, бір жерде бүлік, келіспеушіліктер, жазықсыз адамдардың өмірлеріне қауып төндіріп, тіпті өлімге де алып барады. Осы аталған жайыттардың ешқайсысы исламға қатысы жоқ, керісінше ислам бұндай әрекеттерге қатаң түрде тыйым салады. Мысал ретінде келтірсек. Қандай да бір адам бүлік шығарса оның күнәсі адам өлтіргеннен де ауыр. Ал қателесіп бір кісіні өлтірудің жағдайы жайында Алла Тағала Ниса сүресінің 92 аятында былай дейді: «Бір мүміннің бір мүмінді өлтіруіне болмайды, бірақ қатеден болса басқа. Және біреу бір мүмінді қателесіп өлтірсе,

сонда бір мүмінді азат етуі әрі өлгеннің иесіне құн тапсыруы керек. Бірақ олар кешірім берсе ол басқа. Егер өлтірілген сендермен дұшпан елдегі бір мүмін болса, (құн төлемей) бір мүмін құл азат етуі керек. Ал егер (өлтірілген мүмін) сендермен олардың арасында келісім болған бір елден болса, өлгеннің иесіне құн тапсырып, әрі бір мүмін құл азат етуі керек. Бұларды таба алмаған кісі, Аллаға төбесінің қабыл болуы үшін тұтас екі ай ораза ұстауы керек. Алла Тағала білуші, хикмет иесі». Осы аятқа қарасақ адамның қанын қателесіп, байқаусыздан төксе, құл азат ету және құн төлеу (яғни жүз түйенің құны) керектігін көреміз. Оған шамасы жетпесе екі ай қатарынан оразы ұстауы керек. Ал егерде әдейі бір адамды өлтірсе оның жазасы жайында Алла Тағала Ниса сүресінің 93 аятында былай дейді. «Кім бір мүмінді әдейі өлтірсе, оның жазасы, ішінде мүлде қалатын тозақ болады. Сондай-ақ оған Алланың ашуы, қарғысы болып және зор қинау өзгерленіп қойған». Бұл аяттарда Алла адамды өлтіру үлкен күнә екендігін айтады. Енді қазіргі терроризм болса, осындай қылмыстардың барлығын өз ішіне алады. Террористердің қауіптілігі сонда, қой терісін жамылған қасқыр іспеттес, қасиетті Құран аяттарының үзінділерін тілге тиек етіп, өздерінің көздеген арам пиғылдарын іске асыру үшін діни құндылықтарды бұрмалауда. Бүгінгі таңдағы болып жатқан жарылыстар мен бұзыншылықтардың артында дін дұшпандары тұрғаны анық. Олар ислам дінінің киімін

киіп, жастарға теріс уағыз насихат жүргізіп, білімсіздігін құрал ретінде қолдануда. Білім мен материалдық тұрғыдан қиыншылық көріп жүрген жастар оңай құрыққа ілінуде. Бұлардың кейбіреуі радикал және мазхаб иелері Құран мен сүннет қате түсінуі және теріс жорамалдар жасауы діни терминдердің мағынасының өзгеруіне әсер етуде. Жат ағымдарға кіріп кетудің себебі де, діни білімнің аздығы. Егер де әр-бір мұсылман өз дінін үйреніп, балаларына үйретсе, әрине бұндай теріс ағымдарға кетуден сақ болады. Шынайы дін адамзатқа тура жол нұсқаушы ретінде азаматты адамгершілік тұрғыда тәрбиелейді, отансүйгіштікті үйретеді, өшпенділік пен басқыншылықты былай қойғанда, адамдарды теріс іс-әрекеттен бойын аулақ ұстауға шақырады. Дін қоғамда өзінің сындарлы рөлін атқаруы тиіс, келіспеушіліктердің алдын алуға көмектесіп, қарама-қайшылықтарға жол бермеуі қажет. Зайырлы білім де, діни білім де адамды тәрбиелеп қана қоймай, оны дұрыс жолға бағыттап, оның ой-дан шығарылған бұрмалаушылық нанымдардан айығуына септесуі қажет. Адамдардың діни білімі тек халық игілігі мен қоршаған ортасының мүддесі үшін жұмсалуды керек. Қорыта айтқанда Ислам діні дұрыс қабылдануы түсіндірілуінің тілей келе, дініміздің де негізгі мақсаты болып саналатын бауырластық, тыныштық, береке-бірлік, ынтымақтастық пен барша адамзатқа құрметпен қарайтын, адам ақысына қол салмайтын өлем орнасын.

Д. БӨКЕЙ,
Ескелді ауданының теологы.

«Бекітемін» Ескелді ауданының әкімі Р. Али 2022 ж.

Алматы облысы Ескелді ауданы әкімінің және ауылдық округ әкімдерінің 2022 жылғы халыққа есеп беру кездесулерінің КЕСТЕСІ

Table with 8 columns: Date, Location, Time, Contact Info, Status. Rows include districts like Karatal, Zhalyzgaush, and Syrymbet.

Барлығы 13-офлайн Аудан әкімінің аппараты басшысы

Ж. Джалдыханов

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № 190 «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орнындағы ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес аудан әкімінің және ауылдық округ әкімдерінің 2021 жылы атқарылған жұмыстары туралы есеп беру кездесулері өткізіледі.

«Бекітемін» Ескелді ауданының әкімі Р. Али 2022 ж.

Ауылдық округ әкімдерінің 2021 жылы атқарылған жұмыстар туралы тұрғындармен есептік кездесу бойынша КЕСТЕСІ

Table with 8 columns: District, Date, Time, Contact Info, Status. Rows include districts like Karabulak, Zhalyzgaush, and Tolenit.

3-офлайн 7-офлайн 7-офлайн 7-офлайн 5-офлайн 3-офлайн 1-офлайн

Барлығы 33-офлайн Аудан әкімі аппаратының басшысы

Ж. Джалдыханов

«Утверждаю» Аким Ескельдинского района Р. Али 2022 г.

ГРАФИК отчетных встреч акима района и акимов сельских округов Ескельдинского района Алматинской области с населением в 2022 году

Table with 8 columns: Date, Location, Time, Contact Info, Status. Rows include districts like Karatal, Zhalyzgaush, and Syrymbet.

ВСЕГ 2-офлайн ВСЕГО 13-офлайн

Руководитель аппарата акима района

Ж. Джалдыханов

Объявление

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 5 февраля 2016 года № 190 «О проведении отчетных встреч с населением руководителей центральных исполнительных органов, акимов, ректоров национальных высших учебных заведений» будут проведены отчетные встречи о проведенной работе за 2021 год акима района и акимов сельских округов с населением согласно утвержденного графика.

«Утверждаю» Аким Ескельдинского района Р. Али 2022 г.

ГРАФИК отчетных встреч акимов сельских округов Ескельдинского района Алматинской области с населением о проведенной работе за 2021 год

Table with 8 columns: District, Date, Time, Contact Info, Status. Rows include districts like Karabulak, Zhalyzgaush, and Tolenit.

3-офлайн 7-офлайн 7-офлайн 7-офлайн 5-офлайн 3-офлайн 1-офлайн

ВСЕГО 33-офлайн Руководитель аппарата акима района

Д. Джалдыханов

ҚОҒАМНЫҢ ЖЕГІ ҚҰРТЫН БІРГЕ ЖОЯЙЫҚ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның қазіргі күрделі мәселесі болып отыр.

Сыбайлас жемқорлық сөзінің төркіні латын тілінен «corruption» «пара алу», «пара» деген мағына береді. Рим құқығында сондай-ақ «corruptio» деген түсінік болған. Ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бұлдыру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Оларға әдептілік пен турашылдықты ту еткенін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болады.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Е. ТУЛЕНДИНОВ,
Ескелді ауданының ТЖБ инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

ФИТОМАНИТАРИЯЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ

ҚР «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңының 6-бабы, 1-тармағына сәйкес осы есептіліктер жөнінде 2015 жылғы №15-02/584 ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігінің «Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы шықты.

Осы бұйрыққа сәйкес фитосанитариялық есепке алу нысандары және есептердің нысандарын ұсыну қағидалары бекіді. Яғни барлық пестицидті (улы химикаттарды) қолданушы шаруашылықтар (қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілеріне байланысты жеке және заңды тұлғалар) бекітілген нысандар бойынша тиісті уақытта фитосанитариялық есептерді өз аудандық аумақтық, қалалық инспекцияларына тапсыру міндетті. Фитосанитариялық есепке алу нысандарын атасак: 1) Пестицидтерді, биопрепараттарды және энтомофагтарды өндіру және өткізу туралы есеп; 2) Пестицидтердің, биопрепараттардың және энтомофагтардың қозғалысы туралы есеп; 3) Шаруақожалықтар мен заңды тұлғалар фитосанитариялық есептілікті Ескелді аудандық аумақтық инспекциясына 1-жартыжылдық 20 шілдеде, 2-жартыжылдық 20 қаңтарда беруі керек. Пестицидтерді, биопрепараттарды және этно-

мофагтарды сақтау туралы есеп, тыйым салынған және жарамсыз пестицидтер мен олардан босаған ыдыстарды залалсыздандыру жөніндегі есеп, қоймалық үй-жайлардың бар-жоғы туралы есеп, бүркігіш және дәрілегіш техникалардың бар-жоғы туралы есеп яғни жылдық ұсыну мерзімі жыл сайын қаңтардың 20-ында беріледі. Химиялық өңдеу жүргізілген жұмыстары туралы есеп; химиялық өңдеу бойынша қызмет көрсету туралы есептілікті әр айдың 20-ында берілуі тиіс.

Осы көрсетілген нысандар бойынша, көрсетілген мерзімде бекітілген нысанды түрде қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілеріне байланысты жеке және заңды тұлғалардың барлығы есеп тапсырып тұруға міндетті. Олай болмаған жағдайда есеп бермеушілер: ҚР 2002 жылғы 3-шілдедегі «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңының (13 және 14-5 баптардың) талаптарын орындамағандар қатарынан табылады.

Жоғарыда жазылған мәселелер бойынша және де басқада сұрақтар болса Ескелді аумақтық аудандық инспекциясына хабарласып кеңес алуға болады. Біздің мекенжайымыз: Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 52, 3-ші қабат.

Ғ. КЕРИМБАЕВ,
өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

ПРОФИЛАКТИКА ОНКОЛОГИЧЕСКИХ ЗАБОЛЕВАНИЙ

Онкология – актуальная проблема человечества. Профилактика онкозаболеваний – необходимая мера, которая под силу человеку. Благодаря несложным правилам возрастает шанс если не предупредить болезнь, то хотя бы своевременно начать лечение без больших потерь, не доводить ситуацию до крайности.

Известны факторы, способствуют возникновению и развитию злокачественных опухолей:

- Действие канцерогенов *Мутация клеток. *Снижение иммунитета.
- Стрессовые ситуации *Вирусы и бактерии.
- Свободные радикалы *Вредные привычки.

Профилактика онкологических заболеваний включает 3 блока их предупреждения:

1. Первичная профилактика онкологии.

Меры по предупреждению онкологических заболеваний, которые представляют собой, в первую очередь, самостоятельное поддержание людьми собственного здоровья на высоком уровне. К первичным мерам профилактики относятся мероприятия, направленные на устранение факторов, провоцирующих развитие онкологии:

- сбалансированный рацион;
- отказ от вредных привычек;
- защита от инфекционных заболеваний;
- ограничение контакта с вредными веществами;
- ведение активного образа жизни;

- защита от ультрафиолетового излучения;
- соблюдение режима;
- укрепление нервной системы.

2. Вторичная профилактика онкологии.

Представляет собой раннее выявление онкологических заболеваний и болезней, которые могут им предшествовать. Благодаря мероприятиям вторичной профилактики возможно определить группу риска среди населения и сформировать у него необходимые знания о болезни и способах её предупреждения.

Самостоятельно население может предупредить болезнь благодаря следующим действиям:

- владеть информацией об онкологических заболеваниях;
 - систематически проводить самодиагностику;
 - вовремя проходить осмотры у врача и следовать его рекомендациям;
 - в случае возникновения подозрительных симптомов немедленно обращаться за консультацией.
- Симптоматика онкологических заболеваний.** Выделяют основные симптомы, появление которых должно насторожить:
- боли в груди;
 - беспричинная потеря аппетита;
 - постоянная усталость;
 - увеличение лимфоузлов;
 - повышенная температура, не связанная с простудой или ОРВИ;
 - не проходящая одышка или кашель;
 - резкое снижение веса без причины.

3. Третичная профилактика.

Включает в себя детальное наблюдение за людьми, которые уже перенесли злокачественные новообразования. Основная задача – предупреждение рецидива и появления метастазов.

- Она включает:
 - Регулярное посещение онколога и прохождение необходимых исследований.
 - Ведение здорового образа жизни и соблюдение правильного питания.
 - Соблюдение рекомендаций, которые даёт лечащий врач.
 - Внимательное отношение к здоровью и предупреждение инфекционных болезней.
 - Исключение контакта с канцерогенными и мутагенными веществами.
 - Профилактика онкозаболеваний у детей.

Детская онкология – процесс нередкий. От развития злокачественных новообразований не застрахован никто, независимо от возраста и пола. Профилактические меры по предупреждению возникновения рака у детей идентичны мероприятиям для взрослого населения. Обязательны регулярные медицинские осмотры и консультации специалистов. Рекомендации педиатра следует выполнять неукоснительно и при возникших симптомах обращаться за профессиональной помощью.

Здоровье детей и предупреждение серьёзных проблем – непосредственная задача родителей.

Г. КАЛИЯКБЕРОВА,
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ психолог.

ӨРКЕН ТҰРҒЫНДАР ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Алдабергенов ауылдық округ тұрғындары өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарында орналасқан компьютерлердің көмегі арқылы eGov.kz-те ерекше қажеттіліктері бар адамдар керекті анықтамалар мен электронды қызметтерді өз беттерінше ала алады. Өзіне-өзі қызмет көрсету секторындағы ең көп алатынын қызметтерге ЭЦҚ рәсімдеу ЭЦҚ мерзімін ұзарту, соттылықтың болуы, болмауы туралы наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлердің есебінде болмау туралы анықтама алу, тұрғылықты жер бойынша тіркелу және емханаға тіркелу, атаулы әлеуметтік көмекке, некеге тұруға өтініш беруіне болады.

Алдабергенов ауылдық округінің әкімдігі.

В ГОСТИНИЦУ “УЛАР”, расположенную в городе Талдыкорган требуются администратор и горничная. Оплата по договоренности. Обращаться по телефону 87015501711; 87017573602.

ҚҰРМЕТТІ ҚАРАТАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылдың 31 қаңтары №39/НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес, «Ескелді ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі төмендегідей мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:

Жер учаскесін алу үшін кезекке қою; Жер учаскесін жекеменшікке ақысын бірден немесе бөліп төлеу арқылы сату; Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу; Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру; Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру; Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау; Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына тасымалдауды ұсыну; Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі жастағы (6 жасқа толмаған) балаларды кезекке қою.

Толық ақпаратты мына мекен-жайымыздан біле аласыздар: Қаратал ауылы, Алмабала Жетпісбайқызы көшесі, 59, телефон: 8(72836)50140, электронды пошта: gukaratkz@mail.ru.
Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ КАРАТАЛЬСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА!

Согласно реестра государственных услуг от 31 января 2020 года №39/НҚ утвержденный приказом и.о. министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан. Аппаратом акима Каратальского сельского округа оказываются следующие виды государственных услуг:

Постановка на очередь на получение земельного участка; Продажа земельного участка в частную собственность единовременно либо в рассрочку; Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (конкурсов, аукционов); Предоставление земельного участка для строительства объекта в черте населенного пункта; Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка; Назначение государственной адресной социальной помощи; Предоставление бесплатного подвоза к общедоступным организациям и обратно домой детям, проживающим в отдаленных сельских пунктах; Постановка на очередь детей дошкольного возраста (до 6 лет) для направления в детские дошкольные организации.

Дополнительную информацию можно узнать: село Каратал, улица Алмабала Жетписбайқызы, 59, телефон: 8(72836)50140, электронный адрес gukaratkz@mail.ru.

Аппарат акима Каратальского сельского округа.

Ескелді ауданының төтенше жағдайлар бөлімі және №23 өрт сөндіру бөлімі басшылығының 2022 жылғы I тоқсанда азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Орган атауы	Қабылдау жүргізетін т.а.ө.	Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Оғанның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ескелді ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі	Найзабеков Абылай Абиқеңгулы	Ескелді ауданының ТЖБ бастығы	сәрсенбі сағ. 15.00-18.00 бейсенбі сағ. 10.00-13.00	Қарабұлақ кенті, М.Әуезова көшесі №13	8/728-36/ 3-91-00
Қарабұлақ ауылы 23-Өрт сөндіру бөлімі	Жанабек Әнербайұлы Шинтаев	Қарабұлақ ауылы 23-ӨСБ бастығы	сейсенбі сағ. 15.00-18.00 жұма сағ. 10.00-13.00	Қарабұлақ кенті, М.Әуезова көшесі №13	8/728-36/ 3-91-01

Сенім телефоны: 8(72836)3-91-00.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ҚАРАТАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде «өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышында» орналасқан компьютерден, өзіңіздің электронды кілтінізбен, бір сәтте керекті анықтамаларыңызды ала аласыз. Электронды порталмен жұмыс жасау кезінде қиындықтар туындайтын болса, әкімшілік қызметкерлерінен немесе 1414 номеріне хабарласып кеңес алуларыңызға болады.

«Электрондық үкімет» «egov.kz», «Электрондық лицензия» «e.license», порталдарына кіріп, электронды цифрлы қолтаңбамен тіркеліп, келесі қызметтерді онлайн түрде алуға болады: қашықтықтан ЭЦҚ ашу (электронды цифрлы қолтаңба), мекенжай бойынша тіркеуге тұру; тіркеуден шығару; емханаға тіркелу; әскери есеп және қауіпсіздік құжаттары, некеге тұру, жүргізуші куәлігінің уақытын ұзарту, қару жараққа рұқсат қағазына өтініш беру, жеке басында мүліктің тіркелуі, тіркелмеуі, соттылығы бар, жоқтығы туралы және денсаулығына қатысты анықтамалар, мүмкіншілігі шектеулі азаматтар үй кезегіне тұру, балаларға жәрдем ақы тағайындауға өтініш білдіру, зейнет ақы жинақтары туралы және тағы басқа анықтамаларды электронды, жылдам және тегін алуға болады.

Толық ақпаратты мына мекен жайымыздан біле аласыздар: Қаратал ауылы, Алмабала Жетпісбайқызы көшесі, №59, телефон: 8(72836)50140, электронды пошта: gukaratkz@mail.ru

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ КАРАТАЛЬСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА!

В Государственном учреждении «Аппарата акима Каратальского сельского округа» имеется «уголок самообслуживания», где при помощи электронного цифрового ключа можно получить необходимые справки. При возникновении трудностей во время работы с электронным порталом можно получить консультацию у государственных служащих, либо необходимо связаться с оператором по номеру 1414.

Дополнительную информацию можно узнать: село Каратал, улица Алмабала Жетписбайқызы, №59, телефон: 8(72836)50140, электронный адрес gukaratkz@mail.ru.

◆ KÖMBE

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ:

МЕКТЕП КЕРЕКТЕРІ

ӨТКЕН НӨМІРДЕ ҚАЗАҚҚА ҚАНДАЙ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕР КЕРЕГІН ЖАЗЫП ЕДІК. ЕНДІ ОЛ МЕКТЕПТЕРГЕ НЕ КЕРЕК, СОЛ ЖАЙЫНАН ЖАЗБАҚШЫМЫЗ.



бұлардың біреулері мұсылманша хат білу жағынан, екіншілері педагогика, методика жағынан кем соқпаса.

Осы күнгі орысша оқығандардың көбі мұсылманша хат білмейді, мұсылманша оқығандардың көбі педагогика, методикадан хабардар емес. Қазақтан тәуіррек школа немесе медресе бітіргендер аз. Ол азын үстіне орысша оқып, мұсылманша да білетіндері аз. Мұсылманша оқып, педагогика білетіндері аз. Жұртқа тәртіпті мектеп керек. Мектепке сайлы мұғалімдер керек. Мектептерге мұғалім боларлығымыз жоғарыда айтылған екі түрлі жастарымыз. Олардың сайлы мұғалім болуына жетпей тұрған жерін бітегене жетістіру ғана қажет. Орысша оқығандардың мұсылманша хат білуіне бір-екі ай үйрену қажет, мұсылманша оқығандар педагогиканы дұрыстап үйренбегенмен де методиканы біліп, жұна усулдармен танысуына оған да бір-екі ай үйрену керек. Бұл бір-екі ай үйрену қайсысына да болса, қолдан келмейтін іс емес.

Мұғалімнен соңғы сайлы болуға тиісті нәрсе оқу құралдары. Оқуға керек қалам, қағаз, қара сия, сауыт, отыруға керек нәрселер – пұлға табылатын заттар. Қазірінде пұлға табылмайтын: қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар. Өткен нөмірде қазақ бастауыш мектебінде үйретілетін білімдер мынау дедік: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, география, жаратылыс жайы. Осыларды үйретуге керек кітаптар қазақ тілінде жоқ. Міне, қазір іздесек ақшаға табылмайтын құралдар осы. Осыларды дүниеге шығару керек. Біз бұларды уақыт жетіңіше қолға алып істеп жатырмыз. Бірақ, бір жағынан, басқа жұмыспен байланып болғандықтан, бір жағынан, басы ашық мөтбұғамыз болмағандықтан, тез үлгеріп бола алмай жатыр. Шыға бастағандарына өкпесі бар кейбіреулер сын таққан болып жатыр. Сынағанда біреулері тіпті қолына алып қарамай, екіншілері қараса да танымай сынап жатқан көрінеді. Әркім сынау керек өзінің жақсы білетін нәрсесін. Білмейтін нәрсені сынамай деп, құр өзінің білмегендігін көрсетеді. Біреудің бір нәрсені білетін, білмейтіндігі істегенде ісін көрінеді. "Айқап" журналында "Оқу құралы" есімді қазақ әліппесіне сын тағып отырғандар жаңа усулдарды білмейтін адамдар. Ол әліппе жазылған жаңа усулдардың ең жақсысы – усул сотие жолымен. Оқу кітаптары жазылады оқыта білетін, усулдармен таныс мұғалімдер үшін. Машина немесе басқа құралдар жасалды. сол машина құралдардың тетігін біліп пайдаланатын адамдар үшін. Жұмсауын білмей кінә қою көздірікке кінә қойған маймыл сияқты болады. Біз оқу құралдарының подретін алып істеп жатқанымыз жоқ. Біздің жаман болса, жақсысын шығарындар. Жақсы шықса, жаман қалатын.

Бұл оқыту жайының таласы ақыретте не болады деп таласу емес, қазақ жерді олай я бұлай алса, түбінде пәлен болады деп таласу емес. Олар алдағы нәрселер. Оқыту жайын кім жақсы, кім жаман білетіндігін көзге көрсетуге болатын нәрсе – педагогика, методикаларды кәміл білетін адамдардың алдында әліппе шығарушы немесе сын тағушы, екі жағы сынға түссін, тұтынған усулы бойынша балаларға сабақ беріп көрсін. Таласпайтын орында талассын, ауыз ауыртайтын соны істеу керек. Әйтпесе, біліп сын таққанды, білмей сын таққанды жұрт қайдан білсін деп міндеу – жұрттың бәрі жақсы мен жаманды айырмайтын ақымақ деп ойлаған болады ғой. Бу жағын "Айқап" ойлап я ойламай орын беретініне түсініп жете алмаймыз.

Петербургта осы күнгі болып жатқан кеңесте рухани істермен қатар мектеп мәселелері де қаралып жатыр, соңыра Думада да солай қаралмақшы. Ана тілімен оқытамыз деген пікір – кілі орыстан тегі басқа, тілі басқа жұрттың бәрі қуаттайтын пікір. Ана тілімен оқу бізге де керек екендігінде еш талас болмасқа керек. Назаров кеңесінде қазаққа ана тілімен оқуға оқу кітаптары жоқ деп, бірден орысша оқытуды қуаттаушы чиновниктер болған. Сондай сөздер болмас үшін ана тілінде оқытатын кітаптарымыз бар деп айтуға жарарлық болуымыз тиіс.

"Қазақ" газеті, 1914 жыл, 17 мамыр, № 62.

Мұғалім сайлы болу үшін, мұғалімге керек білімді үйрететін орыннан оқып шығаруға тиіс. Ондай орын қазақ түгіл, қазақтан бұрынырақ қимылдап жатқан ноғай бауырларымызда да жоқ. Қазақтардың өздері даримұғаллім (педучилище) ашып, мұғалімдерін сонан оқытып шығаратын заман алыс жатыр. Қолдан келмейтіндерін қоя тұрып, қолдан келерлігін дұрыстау тиіс. Орыс мұғалімдік школаларынан шығып, учитель болып жүрген қазақ жастары бар, мұсылман медреселерінен оқып, мұғалім болып жүрген қазақ жастары бар. Осылардың екеуі де толық мұғалімдікке жарайды, егер де

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Жаңахмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ. Директордың телефоны 3-04-75 Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

◆ ÜLTTYQ ENSIKLOPEDIA

«Танабауды» не үшін таққан?

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘРБІР САЛТ-ДӘСТҮРІ ЕРЕКШЕ ФИЛОСОФИЯҒА ТОЛЫ. КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР САЛТЫНАН КӨРІНСІ ТАУЫП, КЕІННЕН ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН ЖӨН-ЖОРАЛҒЫЛАР ДА ЖЕТЕРЛІК. БАЛА ТӘРБИЕСІН АНА ҚҰРСАҒЫНДА ЖАТҚАНДА-АҚ БАСТАЙТЫН ҰЛТ ҰШІН ҰРПАҚТЫҢ ҰЛАҒАТТЫ БОЛЫП ӨСУІНЕ АРНАЛҒАН САЛТТАР ЖЕТЕРЛІК. ОЛАРДЫҢ КӨБІСІ БҮГІНДЕ ҰМЫТ ҚАЛЫП, ҚОЛДАНЫСТАН ШЫҚҚАН. СОНЫҢ БІРІ – «ТАНАБАУ ТАҒУ» ДӘСТҮРІ.



РУХАНИ ЖАҒЫРУ

Танабау тағуды бала ержетіп, тірлікке жарап, үлкенге көмек берген сәттен бастайды. Яғни, ұл бала алғаш рет әкесіне, қыз бала шешесіне ілесіп, түрлі жұмысқа қолғабыс етіп жүргенін көрген жақындары, туған-туыстары мен көрші-қолаңдары «Ұл-қыздарың қолғабыс етуге жарапты, шаруа атқаруды сеніп тапсыра берсең болады екен» деп балаға түйме-тана, білезік тағып жібереді. Кейде оны көпшіліктің, бір ауылдың немесе туыстардың атынан біреу арнайы барып тағатын болған. Міне, бұл осындай дәстүр «танабау тағу» деп аталған.

Салт бойынша «танабау» тағылған баланың ата-анасы да өз кәдесін жасауы тиіс. Яғни, міндетті түрде баласының танабау таққанын атап өтеді. Бұл қуаныш кейде тіпті кішігірім тойға да ұласқан. Ал танабау тағылмаған балалардың ата-анасы мен ата-әжелері туған-туысы мен көршілеріне «Немеремді, баламды көрмедім, елең қылмадың» деп өкпе-наз да айтатын болған. Сондайда ата-әженің, ата-ананың өкпе-ренішін тарқату үшін барлығы жиналып, «танабау тағу» шайын ұйымдастырып, баланың сыйлығы деп әртүрлі бағалы зат, кейде лақ пен қозы атаған. Баланың қолғабысқа жарап, «ересектер» қатарына қосылғанына құтты болсын айтып, ақ батасын берген. Бұл игі дәстүр адамдардың бір-бірімен қуаныш пен қайғыда бірге болуға, жұкті жұмыла көтеруге үгіттейді, ынтымақ пен бірлікті насихаттайды.

«Танабау тағуды» бір жағынан дәстүр деп қарасақ, екінші жағынан тіл-көзден сақтану ғұрпы десек те болады. Өйткені, «тана» сөзінің екі ұғымы бар. Біріншісі – 2 жасқа толған бұзауды тана десе, екіншісі – мөлдір моншақтан, әдемі тастан жасалған түймені «тана» деп атаған. «Танабау» деген сөз осы екінің бірінен, яғни, түйме тағудан шықса керек. Бұл дәстүр бүгінде түбегейлі жойылып кетті деуге де болмайтын секілді. Өйткені жөректегі сәби мен есейіп келе жатқан бүлдіршінге түйреуішпен

бірге көзмоншақ тағып қою әдеті әлі де бар. Ата дәстүрді дәріптеп, ұрпаққа мұра ету жолында еңбектеніп, ел анасына айналған Зейнеп Ахметова өзінің «Күретамыр» кітабында бұл салтқа ерекше тоқталған. «Дәстүр бойынша баласына «танабау» тағылған үй көрші-көлем, жақындарын шақырып, дастарқан жайып атап өтеді. Қонаққа келгендер «танабауыңның байғауысы» деп балаға лайық сыйлықтар өкеледі. Қазақтың ешбір салт-дәстүрі мақсатсыз, негізсіз шықпаған. Танабау тағудың да тәрбиелік, рухани мәні бар. Жас балалар өздерін ерекшелеп жатқанға мейірленеді, шынымен, есейе бастады деп әр іске көмектесуге құлшынады. Ал ата-әже, әкешеше перзентінің көзге түсіп өсе бастағанына қуанып, шүкіршілік етеді. Қонақтар баланың кішкентай қуанышын көлемдендіріп көңілдері көтеріледі. Біреуден бір асаған несібе болмайды, есесіне, үлкендер бір дастарқаннан дәм татып, бастары бірігіп, ынтымақ-сыйластықтары нығая түседі екен» делінеді аталған еңбекте.

Расымен, бала үшін оны елеп, алғашқы еңбегін бағалау үлкен марапат алғанмен бірдей болмақ. Әрі бұл сәт өмірінің жарқын естелігі ретінде есінде ұзақ сақталмақ. Бұл дәстүрді қайта жаңғыртсақ керемет тәрбие көзі болары анық. Өйткені бұл – балаға артылған сенімнің көрінісі. Осының арқасында есіп келе жатқан өреннің өзіне деген сенімділігі артып, жауапкершілік арқалаудың не екендігін түсіне бастайды. Бүгінде берер тәлімі мол, игі істерге бастар мұндай салт-дәстүрді қайта жаңғыртудың маңызы зор болмақ.

С. ШАНАҚБАЙ

◆ TANYM ҚАРҒАДА ДА ҚАСИЕТ БАР..

– Құарқ, құарқ...
– Мыналар тағы келді ме? Ат, дәлдеп ат Жұмағазы.
Тақ еткен мылтықтың дауысы құлақ шекемнен дүрсе қоя берді. Ұзақ шыңылдан есімді жиганым сол, қанаты көкке жайылған қарға көлбей айналып жерге құлады. Ал ауылда «мерген аңшы» аталып кеткен көрші нысанға деп тигізініне мез.
– Айттым ғой, менің ыстық оғымнан бір де бір шыбын жаны тірі ұшып өтпейді, – деді де қарғаның өлікесін бақшадағы ағашқа іліп қойды.
– Апа-ау, енді аулаңызға қарға біткен жоламайды, сазайының тартқызыдым.
– Е, айналайын, әйтпегенде төбемізді шұқып бітті ғой, – деді әжем күдікті дауысымен.



Енді Құран-Кәрімге тоқталайық. Піл сүресінде айтылғандай, қалың әскер Қабғаны қиратуға келе жатқанда аспанда қалпаған қара бұлт секілді құстар тобы пайда болады. Олар төбеден тас жаудырып, жауды қырғынға ұшыратып, Қабғаны қорғап қалады. Бұл «Піл жылы» деген атпен белгілі 570 жылы болған оқиға. Тарихшылардың пайымдауына әлгі топ-топ құс қарға екен. Аятта қарға деп нақты жазылмаған. Сол үшін бұл болжам ғана. Алланы зікір ететін, иманға бір табан жақын қарғаның Қабғаны қорғап қалуы да мүмкін ғой.

Осыдан бірнеше уақыт бұрын қарғалар келіп, жаз бойы еккен қауын-қарбыздан түк қалдырмаған. Әр жерінен бір шұқып, үлкен алқапты жайпап сала беріп еді. Белінен тұра алмай жүрсе де әжеміз осы бақшаны баптап келеді. Маңдай терімен еккен өнімнің дәмін тата алмағанына қатты өкпелеп жүрген. Көрші ағаны өкелді де қарғаларды бір үркітіп алды.

– Қой, шай ішейік, үйге кір балам, – деген ол Жұмағазыны үйге кіргізіп дәмді асын ұсынғып жатты. Ал мен... Ал мен сол отқан күйі тесіле аспанға қарап қалыппын. Жүрегім езіліп бара жатқан сыңайлы. «Апыр-ау, құс болған жаман екен ғой. Мен ұшуды армандап жүрсем» деген бала ойды қарқылдап ұшып, аулаға келген қарғаларды саңқылы бөліп жіберді. Аспан қап-қара түнектей. «Мәсаған» деп мені көтеріп өкететіндей.
– Құарқ, құарқ, құарқ.
Әлгі өлексе ілінген ағаштың маңын торуылдап жүр. Ұзақ уақытқа кетпеді. Мылтығымен далаға жүгіріп шыққан көрші тағы да аспанға бір-ақ атты.

Тарс...
...Содан бері ауламызға қарға мүлдем келмеді. Ал менің ойымды бір нәрсе мазалай берді, мазалай берді. Неге қазақ «Қарға тамыры қазақпыз», «Қарға баласын аппағым дейді», «Күн

қаңтарда қарға адым...» дейді? Мұның да бір сыры бар шығар, бәлкі? Жауабын іздемес бұрын қарғалар жайында біраз бетті парақтадым. Көпшіліктің жадында қарға біткен өлексе жейтін, лас жерде жүретін құс болып сақталған. Ол рас, олар бірнеше қашықтықтан бұзылған иезі сезіп, асына асығады екен. Ал оның екінші қыры бар екенін білдік пе?
Берін айт та бірін айт, қарғаның ақылы асқан, ой өрісі дамыған құс екеніне ғалымдар тәжірибе барысында көз жеткізген. Ал қулығы адамдікінен асып түседі екен. Ал оның қасиетіне келгенде дәлелденбеген тұстары көп. Себебі құстар арасында алғашқы болып қарға ғана «Алла» деп сөйледі. Мұндай дерек бытыр Қарағанды мен Маңғыстауда тіркелді. Құдды бір намаз оқып тұрғандай. Ең ғажабы – қарғалар да ораза ұстайды. Жаз айында, есіресе шілденің шіліңгір ыстығында 40 күн бойы нәр татпайды. Сонда шөлдемейді ме? Оның да амалын өздері тауып қойған. Ораза тұту кезінде олар өзен жағасын паналайды. Ауызын аңқита ашып қойып, ағып жатқан судың ылғалымен сусындайды. Сөйтіп ашығу арқылы тұла бойына тазалық жасайды. Қарғалардың шамамен 300 жыл ұзақ өмір сүруінің құпиясы да осы болуы мүмкін.

Мына дерекке назар аударыңызшы. Қарғалар еңбек құралын жасай алады екен. Десе де барлығы емес. Тек жаңакаледониялық қарға ғана. Егер оларға ағаш қабығының астынан «дәмді» қонызды алып шығу керек болса, өз тұмсығына зиян келтірмейді. Оның орнына бұтақтан тісшұқығышқа ұқсас құрал жасайды да, онымен асын ағаш қабығының астынан шұқып алып жейді. «Шұқығыш таяқ» жасау қабілеті оларға туа бітті табиғатынан берілетіні қызық. Себебі қарғалар балапандарына мұны арнайы үйретпейді.

Сондай-ақ, олар үлкен топтарға бірікпейді. Өдетте адам көп жерлерден аулақта тіршілік етеді. Бір қызығы қарға санай алады. Егер оған жем салынған екі ыдыс ұсынсаңыз, ол жем көп салынғанын таңдайды. Мәселен, бір ыдысқа 20 қоныз, екіншісіне 26 қоныз салсаңыз, сіз араларындағы айырмашылықты бірден аңғармайсыз. Ал қарғалар оны санап, қайсысында көп екенін анықтап үлгереді. Санды тани алады. Нәтижесінде санның қайсысы көп, қайсысы аз екенін де ажырата алады. Қарғалар естіген дыбыстарын қайталап, басқа құстардың дауысын сала алады. Тіпті, үйреткен жағдайда адамның да дауысын салады. Олар – адал достар. Егер бір жаракаттанып қалса, өзгесі қамқорлық танытып, толық жазылғанша қоректендіреді. Қарғалар жұптасып тіршілік етеді. Оған қоса жұбын бір рет өмір бойына таңдайды. Енді қарғада қасиет жоқ деп көріңіз.

Д. ҚАЛЫМБЕТ.

<p>Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Жаңахмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ. Директордың телефоны 3-04-75 Редакцияның телефоны 3-19-15</p>	<p>Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.</p>	<p>Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.</p>	<p>Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.</p>	<p>Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабулақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.</p>	<p>Осы шығарылымның таралымы 1500 Тираж 1500 Тапсырыс 84 Көлемі 2 баспа табақ.</p>	<p>Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакция. Компьютерная верстка К. АЛИМХАНОВОЙ.</p>
--	--	--	--	--	--	--